



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технологиялар

ҚОРҒАУ ӘДІСТЕРІ

Ақпараттық технологияларды қорғауды бағалау әдіснамасы

ҚР СТ ИСО/МЭК 18045-2009

*ISO/IEC 18045:2008 (E) Information technology. Security techniques.
Methodology for IT security evaluation (IDT)*

II - том

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Стандарттау жөніндегі «Ақпараттық технологиялар» 34 техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2009 жылғы 17 қарашадағы № 563-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO/IEC 18045:2008 (e) Information technology. Security techniques. Methodology for IT security evaluation (Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігін бағалау әдіснамасы) атты халықаралық стандартпен бірдей

Халықаралық стандартты ИСО/МЭК ОТК 1 біріктірілген техникалық комитет, Ақпараттық технология, ПК 27 ішкі комитеті, АТ қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері мен құралдары әзірледі

Ағылшын тілінен аудармасы (en)

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT)

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Саудадағы техникалық кедергілер (СТК) бойынша дүниежүзілік сауда ұйымының келісімінің нормалары мен ережелері жүзеге асырылды

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2014 жыл
5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні – ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған немесе ауыстырған (жойған) жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады

Мазмұны

II - том

13	AVA қызметінің түрі. Осалдықты бағалау	273
14	АСО класы: Құрылым	308
	А қосымшасы (ақпараттық). Бағалау бойынша жалпы нұсқаулар	350
	Б қосымшасы (ақпараттық). Осалдықты бағалау (AVA)	362

Кіріспе

Осы мақсаттың мақсаттылы аудиториясы – бұл ИСО/МЭК 15408 көбінесе пайдаланатындар және бағалаушылардың әрекетін растайтын сертификаттау жөніндегі органдар сарапшылары; бағалау өткізуге өтініш берушілер, ҚП/БО авторлары, әзірлеушілері және екінші аудитория болып табылатын АТ қауіпсіздігіне мүдделі басқа тараптар.

Дербес жүйелермен өңделуі мүмкін әрекеттер әдіснамасымен байланысты тізімді А қосымшасынан табуға болады.

13 АВА қызметінің түрі. Осалдықты бағалау

13.1 Кіріспе

Осалдықты бағалау алдын ала белгіленген ортада БО кемшіліктерін немесе осал жерлерінің болатыны және пайдалануға жарамдылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл қорытынды бағалаушы орындаған бағалау куәліктерін және жалпы қолжетімді ақпарат көздерін талдауға негізделеді және бағалаушы орындайтын енуді тестілеумен сақталады.

13.2 Осалдықты талдау (AVA_VAN)

13.2.1 (AVA_VAN.1) қызметінің ішкі түрін бағалау

13.2.1.1 Мақсаты

Қызметтің осы ішкі түрінің мақсаты – БО өзінің алдын ала анықталған ортасында айқын осал, пайдалануға жарамды жерлердің болатыны туралы қорытынды жасау.

13.2.1.2 Бастапқы деректер

Қызметтің осы ішкі түрінің бағалау куәліктері болып табылады:

- а) ҚТ;
- б) нұсқау;
- в) тестілеу үшін жарамды БО;
- г) әлеуетті осалдықтарды табатын жалпы қолжетімді ақпарат.

Қызметтің осы ішкі түрінің қосымша бастапқы материалы айқын осалдықтарға қатысты ағымдағы ақпарат болып табылады (мысалы, сәйкестікті растау жөніндегі органнан болатын).

13.2.1.3 Қолдану бойынша ескертулер

Бағалаушы бағалау бойынша басқа әрекеттерді орындау уақытында табылған әлеуетті осалдықтың қосымша тестілерін орындауды ойластыруға тиіс.

Қызметтің осы ішкі түрінде нұсқау терминін пайдалану қолданыстағы нұсқауға және алдыңғы нұсқауға қатысты.

Осалдықтар жалпы қолжетімді ақпарат көздерінде идентификациялануы немесе идентификацияланбауы мүмкін және оларды пайдалану машығын талап етуі немесе етпеуі мүмкін. Осы екі аспекті байланысты, бірақ әр түрлі болып табылады. Осалдық жалпы қолжетімді көздерде идентификацияланғандықтан оңай пайдаланылуы мүмкін деп болжаған дұрыс емес.

13.2.1.4 AVA_VAN.1.1E операциясы

БО тестілеу үшін жарамды болуы қажет.

13.2.1.4.1 AVA_VAN.1-1 операциясы

Бағалаушы БО тестіленетін пішін үйлесімінің ҚТ анықталған бағалау пішін үйлесімімен келісілгені туралы қорытынды жасау үшін зерттеуге тиіс. Бағалаушының тестілеу үшін пайдаланатын БО УК (ALC_CMC) қызметінің

ішкі түрінің мүмкіндіктерімен белгіленетін дәл сондай бірегей таңбалауы болуы және ҚТ кіріспе бөлімінде идентификациялануы керек.

ҚТ бағалануға тиіс бірнеше пішін үйлесімі анықталуға тиіс. БО ҚТ сәйкестігіне тестіленуге тиіс әр түрлі бірқатар аппараттық және программалық жүзеге асырулардан тұруы мүмкін.

Бағалаушы барлық тестіленетін пішін үйлесімінің ҚТ келісілгенін верификациялайды.

Бағалаушы тестілеу ортасына қатысы болуы мүмкін БО қауіпсіздік ортасының аспектілеріне қатысты ҚТ сипатталған болжамдарды қарастыруы керек. ҚТ тестілеу ортасына қатысы болмайтын басқа да болжамдар болуы мүмкін. Мысалы, пайдаланушылардың рұқсатнамасына қатысты болжам тестілеу ортасына қатысты болмауы мүмкін, алайда, желіге қосылатын бірыңғай нүктеге қатысты болжам, әдетте, тестілеу ортасына қатысты болады.

Қандай да болмасын тестілеу құралдарын пайдаланған кезде (мысалы, өлшеуіштер, талдағыштар) осы құралдардың дұрыс калибрленуін қамтамасыз ету бағалаушының міндеті болады.

13.2.1.4.2 AVA_VAN.1-2 операциясы

Бағалаушы БО оның дұрыс орнатылғаны және белгілі күйінде болатыны туралы қорытынды жасау үшін зерттеуге тиіс.

Бағалаушының бірнеше тәсілдермен БО жай-күйі туралы қорытынды жасауға мүмкіндігі бар. Мысалы, осының алдындағы (AGD_PRE.1) қызметінің ішкі түрін сәтті аяқтау тестіленетін БО егер тиісті түрде орнатылғанына және белгілі жағдайда екендігіне бағалаушы әлі сенімді болмаса, осы операцияны орындалған деп санауға мүмкіндік береді. Егер бұл бұлай болмаса, онда бағалаушыға жеткізілген нұсқауды ғана пайдалана отырып, БО орнату, өндіру және іске қосу үшін әзірлеушінің процедураларын басшылыққа алу ұсынылады.

Егер бағалаушыға БО белгісіз жағдайда болғандықтан, орнату процедураларын орындауға тура келсе, онда осы операция сәтті аяқталған кезде AGD_PRE.1-3 операциясын қанағаттандырған болар еді.

13.2.1.5 AVA_VAN.1.2E әрекеті

13.2.1.5.1 AVA_VAN.1-3 операциясы

Бағалаушы БО әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздерін зерттеуге тиіс.

Бағалаушы БО әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздерін зерттеуге тиіс. Ерекше технологиялардағы белгілі осалдықтарды сипаттайтын поштамен жіберу тізімдері, бүкіләлемдік өрмектегі қауіпсіздік жөніндегі форумдар сияқты зерттелуге тиіс жалпы қолжетімді ақпарат көздері болады.

Бағалаушы өзінің жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеулерін жоғарыда аталған көздермен шектемеуге тиіс, кез келген маңызды қолжетімді ақпаратты зерттеуі қажет.

Бағалаушы ұсынылатын куәліктерді талдаумен қатар, кезекті іздеу үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздеріндегі ақпаратты пайдаланатын болады. Бағалаушы қызықты саланы анықтаған кезде, бағалаушы қызықты салаға қатысты жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеуге тиіс.

Оңай қол жеткізетін ақпаратқа қол жеткізу бұзушыға идентификациялауға көмектеседі және шабуылға ықпал етеді, осы бұзушының шабуыл әлеуетін арттыра отырып елеулі әрекет етеді. Ғаламтордағы осалдықтар және жетік бұзу құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу осы ақпараттың БО әлеуетті осалдығын идентификациялау және оларды пайдалану әрекетінде пайдаланатындығы туралы ықтималдықты арттырады. Осындай ақпаратты уақытылы іздеу құралдары оны бағалаушы үшін оңай қол жететін етеді және жарияланған әлеуетті осалдықтарға және жақсы белгілі қарапайым шабуылдарға қарсы әрекетті анықтауға жоғары тиімді тәсілмен қол жеткізуге болады.

Жалпы қолжетімді ақпаратты іздеу типіне БО жататын өнімдермен айналысатын ресурстарда топталуға тиіс. Осындай іздеудің ұлғаюы мынадай факторлармен анықталуға тиіс: ОО типі, бағалаушының осындай типтегі БО жұмыс тәжірибесі, әлеуетті шабуылдар ықтималдығы және қолда бар куәліктер бойынша ADV деңгейі.

Бір әлеуетті осалдықты идентификациялау одан әрі зерттеуді қажет ететін басқа мүдделі саланы идентификациялауға әкелуі мүмкін қайталанатын идентификациялау процесі.

Бағалаушы жалпы қолжетімді ақпараттағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін қандай әрекеттер жасалғанын көрсетуге тиіс. Алайда, бағалаушы мұндай іздеу әдісі кезінде әдіс іздеу уақытында алынған нәтижеде анықталуы мүмкін болғандықтан, зерттеуді бастар алдында әлеуетті осалдықтарды идентификациялау бойынша операцияны сипаттай алмайды.

Бағалаушы зерттелген куәліктерді әлеуетті осалдықтарды іздеуді аяқтаған кезде көрсетеді.

13.2.1.5.2 AVA_VAN.1-4 операциясы

Бағалаушы БТЕ тестілеуге кандидат болып табылатын және оның алдын ала анықталған ортасында БО қолданылатын идентификацияланған әлеуетті осалдықтарды көрсетуге тиіс.

Мүмкін, егер бағалаушы шаралардың не алдын ала анықталған ортада, не АТ, не АТ емес ортада алдын ала анықталған ортадағы осалдықтарды пайдалануды болдырмайтынын идентификацияласа, әлеуетті осалдықтарды одан әрі зерттеудің қажеті жоқтығы анықталатын болады.

Мысалы, тек уәкілетті пайдаланушыларға ғана БО жеке қол жеткізуін шектей отырып, пайдалану үшін жарамсыз қол сұғуға БО осалдығын нақты

жасауға болады. Егер бағалаушы әлеуетті осалдықтың алдын ала анықталған ортада жарамсыздығын анықтайтын болса, бағалаушы әлеуетті осалдықты зерттеуден бас тартуға арналған толық себепті көрсетеді.

Қалған жағдайларда, бағалаушы одан әрі зерттеулер үшін әлеуетті осалдықтарды көрсетеді.

БО оның алдын ала анықталған ортасында жарамды және енгізу тестілерін орындау үшін пайдаланылуы мүмкін әлеуетті осалдықтар тізімін бағалаушы БТЕ көрсетуге тиіс.

13.2.1.6 AVA_VAN.1.3E әрекеті

13.2.1.6.1 AVA_VAN.1-5 операциясы

Бағалаушы әлеуетті осалдықтарды тәуелсіз іздеуге негізделген енгізу тестілерін әзірлеуге тиіс.

Бағалаушы өту тестілеуіне жалпы қолжетімді ақпарат көздерінде іздеу барысында идентификацияланған әлеуетті осалдықтарға БО оның алдын ала анықталған ортасында қабылдағыштығын анықтау үшін жеткілікті түрде дайындалуға тиіс. Бағалаушыға белгілі әлеуетті осалдықтарға қатысты үшінші тараптан (мысалы, сертификаттау жөніндегі орган) ұсынылатын кез келген ағымдағы ақпаратты бағалаушы бағалау бойынша басқа әрекеттерді орындау барысында анықталатын кез келген әлеуетті осалдықпен қатар зерттеуі қажет.

Бағалаушының әрбір тестілер жиынтығы нақты осалдықты тестілеу үшін пайдаланылатын жерде бірқатар тестілер жиынтығын пайдалана отырып, өтуді тестілеуді орындау мақсатқа сәйкес деп санауы ықтимал.

Бағалаушының осалдық болатын затты шабуылды іске асыру үшін төмен әлеует талап етілетіндерден басқа, тестілеуі болжанбайды (оның ішінде жалпы қолжетімді көздерден белгілісі). Алайда кейбір жағдайларда талап етілетін шабуыл әлеуеті анықталғаннан бұрын тестіні орындау қажет болады. Бағалаушы бағалау барысында зерттеулер нәтижесінде төменгіге қарағанда, жоғары шабуыл әлеуетімен ғана бұзушы пайдалануға жарамды болып табылатын кезде ол БТЕ қалдық осалдық сияқты беріледі.

13.2.1.6.2 AVA_VAN.1-6 операциясы

Бағалаушы нақтылауы тестілер өндірімділігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті әлеуетті осалдықтар тізіміне негізделген өту тестілеріне арналған тестілеу құжаттамасын әзірлеуге тиіс.

Тестілеу құжаттамасында қамтылуы керек:

- а) тестіленетін БО осалдығын идентификациялау;
- б) енгізу тестісін өткізу үшін талап етілетін сияқты талап етілетін барлық тестілеу жабдықтарын қосу және орнату жөніндегі нұсқаулықтар;
- в) енгізу тестісін орындаудың барлық алғы шарттарын белгілеу жөніндегі нұсқаулықтар;
- г) ОФҚ инициирлеу жөніндегі нұсқаулықтар;
- д) ОФҚ орындау режимін қадағалау жөніндегі нұсқаулықтар;

е) күтілетін нәтижелермен салыстыру үшін ОФҚ қадағаланатын орындау режиміне қатысы бойынша орындалатын күтілетін барлық нәтижелерді және қажетті талдауды сипаттау;

ж) БО тестілеу жағдайынан кейінгі қажетті тестілеу және орнатуды аяқтау жөніндегі нұсқаулықтар.

Бағалаушы жалпы қолжетімді көздерде іздеу барысында идентификацияланған әлеуетті осалдықтар тізіміне негізделген енгізу тестілеуіне дайындалады.

Бағалаушының осалдық болатын затты шабуылды іске асыру үшін төмен әлеует талап етілетіндерден басқа, тестілеуі болжанбайды (оның ішінде жалпы қолжетімді көздерден белгілісі). Алайда кейбір жағдайларда талап етілетін шабуыл әлеуеті анықталғаннан бұрын тестіні орындау қажет болады. Бағалаушы бағалау барысында зерттеулер нәтижесінде төменгіге қарағанда, жоғары шабуыл әлеуетімен ғана бұзушы пайдалануға жарамды болып табылатын кезде ол БТЕ қалдық осалдық сияқты беріледі.

Бағалаушы болжанатын осалдықты түсініп, БО қабылдағыштығын қолайлы тестілеу тәсілін анықтайды. Атап айтқанда, бағалаушы мынаны қарастырады:

а) ОФҚ орындау және олардың реакцияларын қадағалауды инициирлеу үшін пайдаланылатын ОФҚИ немесе басқа БО интерфейстері;

б) тестіні орындау үшін қажет болатын бастапқы шарттар (яғни, қажет болатын қандай да бір нақты объектілер немесе субъектілер және оларда болуы қажет қауіпсіздік атрибуттары);

в) ОФҚИ инициирлеу, не ОФҚИ қадағалау үшін қажет болатын тестілеуге арналған арнайы жабдық (дегенмен, арнайы жабдықтың айқын осалдықты пайдалану үшін қажет болуы екіталай).

г) жеке тестілеуді теориялық талдаумен ауыстыру, әсіресе, бастапқыда талдау нәтижелері қайталанатын шабуыл әрекеттерінің белгілі бір әрекеттер санынан кейін сәтті болу ықтималдығын көрсету үшін сыртқа таратылғаны маңызды.

Бағалаушының әрбір тесті жинағы нақты осалдықты тестілеу үшін пайдаланылатын жерде бірқатар тестілер жинағын пайдалана отырып, енуді тестілеуді орындау мақсатқа сәйкес деп санауы ықтимал.

Тестілеу құжаттамасында осы нақтылау деңгейін белгілеу мақсаты – басқа бағалаушыға тестіні қайталауға және балама нәтиже алуға мүмкіндік беру.

13.2.1.6.3 AVA_VAN.1-7 операциясы

Бағалаушы енуді тестілеуді жүргізуге тиіс.

Бағалаушы AVA_VAN.1-5 операциясында әзірленген ену тестілеріне арналған құжаттаманы ену тестілерін БО қатысы бойынша орындауға арналған негіз ретінде пайдаланады, бірақ бұл бағалаушыға қосымша арнайы ену тестілерін орындауға кедергі жасамайды. Егер қажет болса, бағалаушы

енуді тестілеу процесінде ақпаратты зерделеу нәтижесінде арнайы тестілер ойлап таба алады, егер бағалаушы орындаса, ену тестілеріне арналған құжаттамаға кіргізіледі. Мұндай тестілер күтпеген нәтижелер немесе қадағалауларды түсіну немесе бағалаушы алдын ала жоспарланған тестілеу уақытында болатынын аңғарған әлеуетті осалдықтарды зерттеу үшін қажет болуы мүмкін.

Шабуылды іске асыру үшін төменгі әлеует талап етілетіндерден басқа, бағалаушының осалдық болатын затты тестілеуі болжанбайды (оның ішінде жалпы қолжетімді көздерден белгілісі). Алайда кейбір жағдайларда талап етілетін шабуыл әлеуеті анықталғаннан бұрын тестіні орындау қажет болады. Бағалаушы бағалау барысында зерттеу нәтижесінде төменгі шабуыл әлеуетіне қарағанда, бұзушының үлкен әлеуетті пайдалануы үшін ғана жарамды болып табылатын әлеуетті осалдықты байқаған кезде, ол БТЕ-де қалдық осалдық ретінде келтіріледі.

13.2.1.6.4 AVA_VAN.1-8 операциясы

Бағалаушы ену тестілерінің нақты нәтижелерін белгілеуге тиіс.

Дегенмен, тестілерді орындаудың нақты нәтижелерінің кейбір өзгеше бөлшектері күтілетіннен ерекшеленуі мүмкін (мысалы, аудит жазбасындағы уақыт өрісі және күні), жалпы нәтиже бірдей болуы қажет. Кез келген айырмашылықты қатаң түрде негіздеу керек.

13.2.1.6.5 AVA_VAN.1-9 операциясы

Бағалаушы БТЕ тестілеу тәсілін, тестіленетін пішін үйлесімін, тестілеу белгілемесі мен тестілеу нәтижелерін қысқаша баяндап, енуді тестілеу бойынша бағалаушының шарттары туралы ақпаратты келтіруге тиіс.

Бағалаушының БТЕ келтіретін тестілеу туралы ақпараты тестілеу бойынша қызмет түрін бағалау барысында жұмсалған күшті және тестілеуге арналған жалпы тәсілді беруге мүмкіндік жасайды. Осы ақпаратты ұсыну мәні тестілеу бойынша күшке қысқаша мазмұнды шолу жасау. БТЕ тестілеу туралы ақпараттың жеке тестілердің нақты тестілеу операциялары немесе нәтижелерінің дәл туындысы болуы міндетті емес. Әзірлеушінің БТЕ тестілеу туралы ақпаратының нақты тестілеу операциясының немесе жеке тестілер нәтижелерінің дәлме-дәл көшірмесі болуының мәні жоқ. Басқа бағалаушылар мен сертификаттау жөніндегі қызметкерлерге әзірлеушінің тестілеу тәсіліне қатысты орындалған тестілеу, БО тестіленетін пішін үйлесімдері көлемін және әзірлеушінің жалпы тестілеу нәтижелерін кейбір түсіну үшін мүмкіндік беретін жеткілікті нақтылаулар ұсыну мақсат болып табылады.

Әзірлеушінің енуді тестілеу жөніндегі ақпаратты, әдетте, БТЕ тиісті бөлімінен табуға болады, ол мынаны қамтиды:

а) БО тестіленетін пішін үйлесімдері. Енуді тестілеуге түсетін БО нақты пішін үйлесімдері;

б) Енуді тестілеуге түсетін ОФҚИ. Енуді тестілеу бағытталатын ОФҚИ және БО басқа интерфейстерінің қысқаша тізбесі;

в) Қызметтің осы ішкі түрі бойынша ұйғарым. Енуді тестілеу нәтижелері бойынша жалпы шешім.

Осы тізбе ешқандай жағдайда да БТЕ ұсынылуға тиіс бағалау барысында бағалаушы орындайтын енуді тестілеуге қатысты ақпарат типі туралы кейбір түсінік беру үшін ғана тағайындалған және жан-жақты болып табылмайды.

13.2.1.6.6 AVA_VAN.1-10 операциясы

Егер бағалаушыға БО белгісіз жағдайда болғандықтан, орнату процедураларын орындауға тура келсе, онда осы операция сәтті аяқталған кезде ADO_IGS.1-2 операциясын қанағаттандырған болар еді.

13.2.2.5 AVA_VAN.2.2Е әрекеті. AVA_VAN.2-3 операциясы

Бағалаушы БО әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздерін зерттеуге тиіс.

Бағалаушы барлық тестілеу нәтижелерін өзінің алдын ала анықталған ортасында болатын БО төменгі шабуыл әлеуетіне ие бұзушыға орнықты болып табылатынын анықтау үшін зерттеуге тиіс.

Егер нәтижелер өзінің алдын ала анықталған ортасында болатын БО орташа шабуыл әлеуетіне қарағанда аз әлеуетке ие бұзушының пайдалануы үшін жарамды осалдығы болатынын көрсетсе, онда осы әрекет бойынша бағалаушы теріс қорытынды жасайды.

Нақты осалдықты пайдалану үшін қажетті шабуыл әлеуетін және осының салдарынан берілген ортада оның пайдаланылуын анықтау үшін нұсқаудың В.4 тармағы пайдаланылуға тиіс. Орташаға қарағанда әлеуеті аз болатын бұзушының осалдықты пайдалана ма немесе жоқ па деген күдіктер болатын жағдайда қоспағанда, әр жолы шабуыл әлеуетін есептеп қажеті жоқ.

13.2.1.6.7 AVA_VAN.1-11 операциясы

Бағалаушы БТЕ әрбіреуі үшін нақтыланатын барлық пайдалануға жарамды осалдықтар мен қалдық осалдықтар туралы ақпаратты келтіруге тиіс:

а) оның көзі (мысалы, бағалау бойынша әрекеттерді орындаған кезде белгілі болған, бағалаушыға белгілі, жарияланымда оқылды);

б) ФҚТ жауап бермейтін;

в) сипаттау;

г) алдын ала анықталған ортада ол пайдаланыла ма, жоқ па (яғни, не пайдалану үшін жарамды немесе қалдық осалдық болып табылады);

д) В.4 қосымшасының В.2 және В.3 кестесін пайдалана отырып, осалдықты және тиісті мәндерді идентификациялауды орындау үшін қажетті уақыт көлемі, талдау деңгейі, БО білу деңгейі, мүмкіндіктер деңгейі және жабдық.

13.2.2 (AVA_VAN.2) қызметінің ішкі түрін бағалау

13.2.2.1 Мақсаты

Қызметтің осы ішкі түрінің мақсаты БО-ның өзінің алдын ала анықталған ортасында төменгі шабуыл әлеуеті болатын бұзушыға осалдықтың жарамды екенін анықтау.

13.2.2.2 Бастапқы деректер

Қызметтің осы ішкі түрінің бағалау куәліктері болып табылады:

- а) ҚТ;
- б) функционалдық сипаттізім;
- в) БО жобасы;
- г) қауіпсіздік құрылымын сипаттау;
- д) нұсқау;
- е) тестілеу үшін жарамды БО.

Қызметтің осы ішкі түрі үшін қалған болжанатын бағалау куәліктері сенім пакетінде қамтылатын құрауыштарға тәуелді болады. Әрбір құрауышты қамтамасыз ететін куәліктер қызметтің осы ішкі түрінде бастапқы ретінде пайдаланылады.

Қызметтің осы ішкі түрі үшін айқын осалдықтарға қатысты ағымдағы ақпарат қосымша бастапқы материал болып табылады (мысалы, сәйкестікті растау жөніндегі органнан болатын).

13.2.2.3 Қолдану бойынша ескертулер

Бағалаушы бағалау бойынша басқа әрекеттерді орындау уақытында байқалатын әлеуетті осалдықтардың қосымша тестілерін орындауды ойластыруға тиіс.

13.2.2.4 AVA_VAN.2.1E әрекеті

БО тестілеу үшін жарамды болуға тиіс.

13.2.2.4.1 AVA_VAN.2-1 операциясы

Бағалаушы БО тестіленетін пішін үйлесімінің ҚТ анықталған бағалау пішін үйлесімімен келісілгені туралы қорытынды жасау үшін зерттеуге тиіс.

Бағалаушының тестілеу үшін пайдаланатын БО УК (ALC_CMC) қызметінің ішкі түрінің мүмкіндіктерімен белгіленетін дәл сондай бірегей таңбалауы болуы және ҚТ кіріспе бөлімінде идентификациялануы керек.

ҚТ бағалануға тиіс бірнеше пішін үйлесімі анықталуға тиіс. БО ҚТ сәйкестігіне тестіленуге тиіс әр түрлі бірқатар аппараттық және программалық жүзеге асырулардан тұруы мүмкін.

Бағалаушы барлық тестіленетін пішін үйлесімінің ҚТ келісілгенін верификациялайды.

Бағалаушы тестілеу ортасына қатысы болуы мүмкін БО қауіпсіздік ортасының аспектілеріне қатысты ҚТ сипатталған болжамдарды қарастыруы керек. ҚТ тестілеу ортасына қатысы болмайтын басқа да болжамдар болуы мүмкін. Мысалы, пайдаланушылардың рұқсатнамасына қатысты болжам тестілеу ортасына қатысты болмауы мүмкін, алайда, желіге қосылатын

бірыңғай нүктеге қатысты болжам, әдетте, тестілеу ортасына қатысты болады.

Қандай да болмасын тестілеу құралдарын пайдаланған кезде (мысалы, өлшеуіштер, талдағыштар) осы құралдардың дұрыс калибрленуін қамтамасыз ету бағалаушының міндеті болады.

13.2.2.4.2 AVA_VAN.2-2 операциясы

Бағалаушы БО оның дұрыс орнатылғаны және белгілі күйінде болатыны туралы қорытынды жасау үшін зерттеуге тиіс.

Бағалаушының бірнеше тәсілдермен БО жай-күйі туралы қорытынды жасауға мүмкіндігі бар.

Мысалы, осының алдындағы (AGD_PRE.1) қызметінің ішкі түрін сәтті аяқтау тестіленетін БО егер тиісті түрде орнатылғанына және белгілі жағдайда екендігіне бағалаушы әлі сенімді болмаса, осы операцияны орындалған деп санауға мүмкіндік береді. Егер бұл бұлай болмаса, онда бағалаушыға жеткізілген нұсқауды ғана пайдалана отырып, БО орнату, өндіру және іске қосу үшін әзірлеушінің процедураларын басшылыққа алу ұсынылады.

Бағалаушы жалпы қолжетімді ақпарат көзін БО ықтимал әлеуетті осалдықтарды идентификациялауды қамтамасыз ету үшін зерттеуге тиіс. Мыналар сияқты зерттелуге тиіс жалпы қолжетімді ақпарат көздері көп болады:

- а) мамандандырылған басылымдар (журналдар, кітаптар);
- б) ғылыми мақалалар.

Бағалаушы жоғарыда жазылған жалпы қолжетімді ақпарат көздері көрсеткен өз зерттеулерін шектемеуге тиіс, қайта басқа кез келген маңызды қолжетімді ақпаратты зерттеуі керек.

Бағалаушы ұсынылатын куәліктерді талдаумен қатар, кезекті іздеу үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздеріндегі ақпаратты пайдаланатын болады. Бағалаушы қызықты саланы анықтаған кезде, бағалаушы қызықты салаға қатысты жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеуге тиіс. Оңай қол жеткізетін ақпаратқа қол жеткізу бұзушыға идентификациялауға көмектеседі және шабуылға ықпал етеді, осы бұзушының шабуыл әлеуетін арттыра отырып елеулі әрекет етеді. Ғаламтордағы осалдықтар және жетік бұзу құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу осы ақпараттың БО әлеуетті осалдығын идентификациялау және оларды пайдалану әрекетінде пайдаланатындығы туралы ықтималдықты арттырады. Осындай ақпаратты уақытылы іздеу құралдары оны бағалаушы үшін оңай қол жететін етеді және жарияланған әлеуетті осалдықтарға және жақсы белгілі қарапайым шабуылдарға қарсы әрекетті анықтауға жоғары тиімді тәсілмен қол жеткізуге болады.

Жалпы қолжетімді ақпаратты іздеу типіне БО жататын өнімдермен айналысатын ресурстарда топталуға тиіс. Осындай іздеудің ұлғаюы мынадай факторлармен анықталуға тиіс: ОО типі, бағалаушының осындай типтегі БО

жұмыс тәжірибесі, әлеуетті шабуылдар ықтималдығы және қолда бар куәліктер бойынша ADV деңгейі.

Бір әлеуетті осалдықты идентификациялау одан әрі зерттеуді қажет ететін басқа мүдделі саланы идентификациялауға әкелуі мүмкін қайталанатын идентификациялау процесі.

Бағалаушы жалпы қолжетімді ақпараттағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін қандай әрекеттер жасалғанын көрсетуге тиіс.

Алайда, бағалаушы мұндай іздеу әдісі кезінде әдіс іздеу уақытында алынған нәтижеде анықталуы мүмкін болғандықтан, зерттеуді бастар алдында әлеуетті осалдықтарды идентификациялау бойынша операцияны сипаттай алмайды.

Бағалаушы зерттелген куәліктерді әлеуетті осалдықтарды іздеуді аяқтаған кезде көрсетеді.

Куәліктердің осы таңдамасы бұзушының қол жеткізуі мүмкін куәліктермен байланысты немесе бағалаушы ұсынатын басқа қисынды негіздемелерге сәйкес бағалаушының белгілі бір көздерден алуы мүмкін.

13.2.2.5 AVA_VAN.2.2E әрекеті. AVA_VAN.2-3 операциясы

Бағалаушы БО-дағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздерін зерттеуге тиіс.

Бағалаушы жалпы қолжетімді ақпарат көздерін БО-дағы ықтимал әлеуетті осалдықтарды идентификациялауды қамтамасыз ету үшін зерттеуге тиіс. Мыналар сияқты зерттелуге тиіс жалпы қолжетімді ақпарат көздері көп болады:

- а) мамандандырылған басылымдар (журналдар, кітаптар);
- б) ғылыми мақалалар.

Бағалаушы жоғарыда жазылған жалпы қолжетімді ақпарат көздері көрсеткен өз зерттеулерін шектемеуге тиіс, қайта басқа кез келген маңызды қолжетімді ақпаратты зерттеуі керек.

Бағалаушы ұсынылатын куәліктерді талдаумен қатар, кезекті іздеу үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздеріндегі ақпаратты пайдаланатын болады. Бағалаушы қызықты саланы анықтаған кезде, бағалаушы қызықты салаға қатысты жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеуге тиіс. Оңай қол жеткізетін ақпаратқа қол жеткізу бұзушыға идентификациялауға көмектеседі және шабуылға ықпал етеді, осы бұзушының шабуыл әлеуетін арттыра отырып әлеулі әрекет етеді. Ғаламтордағы осалдықтар және жетік бұзу құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу осы ақпараттың БО әлеуетті осалдығын идентификациялау және оларды пайдалану әрекетінде пайдаланатындығы туралы ықтималдықты арттырады. Осындай ақпаратты уақытылы іздеу құралдары оны бағалаушы үшін оңай қол жететін етеді және жарияланған әлеуетті осалдықтарға және жақсы белгілі қарапайым шабуылдарға қарсы әрекетті анықтауға жоғары тиімді тәсілмен қол жеткізуге болады.

Жалпы қолжетімді ақпаратты іздеу типіне БО жататын өнімдермен айналысатын ресурстарда топталуға тиіс. Осындай іздеудің ұлғаюы мынадай факторлармен анықталуға тиіс: ОО типі, бағалаушының осындай типтегі БО жұмыс тәжірибесі, әлеуетті шабуылдар ықтималдығы және қолда бар куәліктер бойынша ADV деңгейі.

Бір әлеуетті осалдықты идентификациялау одан әрі зерттеуді қажет ететін басқа мүдделі саланы идентификациялауға әкелуі мүмкін қайталанатын идентификациялау процесі.

Бағалаушы жалпы қолжетімді ақпараттағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін қандай әрекеттер жасалғанын көрсетуге тиіс.

Алайда, бағалаушы мұндай іздеу әдісі кезінде әдіс іздеу уақытында алынған нәтижеде анықталуы мүмкін болғандықтан, зерттеуді бастар алдында әлеуетті осалдықтарды идентификациялау бойынша операцияны сипаттай алмайды.

Бағалаушы зерттелген куәліктерді әлеуетті осалдықтарды іздеуді аяқтаған кезде көрсетеді.

Куәліктердің осы таңдамасы бұзушының қол жеткізуі мүмкін куәліктермен байланысты немесе бағалаушы ұсынатын басқа қисынды негіздемелерге сәйкес бағалаушының белгілі бір көздерден алуы мүмкін.

13.2.2.6 AVA_VAN.2.3Е әрекеті

13.2.2.6.1 AVA_VAN.2-4 операциясы

Бағалаушы БО-дағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін ҚТ, нұсқау, функционалдық сипаттізім, БО жобасы, қауіпсіздік құрылымының сипаттауын зерделеуге тиіс.

Куәліктерді іздеу осы сипаттізімге сәйкес аяқталуы керек және БО құжаттары талдануға тиіс және осыдан кейін БО-дағы осалдықтар туралы гипотезалар мен ұсыныстар құрылады.

Содан соң болжанатын осалдықтар бағаланған осалдықтың болу ықтималдығы негізінде және осалдықтың оны пайдалану үшін талап етілетін шабуыл әлеуеті негізінде болатын, сондай-ақ бұзушыға ұсынылатын мүмкіндіктер немесе нақты осалдықпен байланысты болжанатын зиян басымдықтары бойынша реттеледі. Әлеуетті осалдықтардың басымдықтар бойынша реттелген тізбесі БО енуді тестілеу нұсқауы үшін пайдаланылады.

Қауіпсіздік құрылымының сипаттауы әзірлеушінің талдауын қарастырады, соның салдарынан ондағы құжатталған ОФҚ сенімсіз субъектілердің қол сұғуынан қорғалады және жалпы қауіпсіздік талаптарын аралауды болдырмайды. Бағалаушының осының салдарынан ОФҚ қорғауды сипаттау деректерін ОФҚ бұзудың ықтимал жолдарын іздеуге арналған негіз ретінде пайдалануға тиіс.

Алдын ала анықталған ортада қатыстырылатын нақты қатерлерге байланысты, бағалаушы осалдықтарды тәуелсіз талдау кезінде мынадай тараулардың бірінің әрқайсысына тән осалдықты қарастыруы керек:

а) сертификаттау жөніндегі орган көрсетуі мүмкін бағаланатын БО нақты типіне тән осалдықтар;

б) аралау;

в) қол сұғу;

г) тура шабуылдар;

д) қадағалау;

е) дұрыс емес қолдану.

б) - е) тармақтары В қосымшасында барынша толық түсіндіріледі.

Қауіпсіздік құрылымын сипаттаулар жоғарыда аталған ерекше әлеуетті осалдықтарға қатысты зерттелуге тиіс.

Әрбір әлеуетті осалдық ОФҚ қорғауды аралау және ОФҚ қиратылатын кезде ықтимал жолдардың болу мәнін зерттеуге тиіс.

13.2.2.6.2 AVA_VAN.2-5 операциясы

Бағалаушы БТЕ тестілеуге кандидат болып табылатын және оның алдын ала анықталған ортасында БО қолданылатын идентификацияланған әлеуетті осалдықтарды көрсетуге тиіс.

Мүмкін, егер бағалаушы шаралардың не алдын ала анықталған ортада, не АТ алдын ала анықталған ортадағы осалдықтарды пайдалануды болдырмайтынын идентификацияласа, әлеуетті осалдықтарды одан әрі зерттеудің қажеті жоқтығы анықталатын болады. Мысалы, тек уәкілетті пайдаланушыларға ғана БО жеке қол жеткізуін шектей отырып, пайдалану үшін жарамсыз қол сұғуға БО осалдығын нақты жасауға болады.

Егер бағалаушы әлеуетті осалдықтың алдын ала анықталған ортада жарамсыздығын анықтайтын болса, бағалаушы әлеуетті осалдықты зерттеуден бас тартуға арналған толық себепті көрсетеді.

Қалған жағдайларда, бағалаушы одан әрі зерттеулер үшін әлеуетті осалдықтарды көрсетеді.

БО оның алдын ала анықталған ортасында жарамды және енгізу тестілерін орындау үшін пайдаланылуы мүмкін әлеуетті осалдықтар тізімін бағалаушы БТЕ көрсетуге тиіс.

13.2.2.7 AVA_VAN.2.4E әрекеті

13.2.2.7.1 AVA_VAN.2-6 операциясы

Бағалаушы әлеуетті осалдықтарды тәуелсіз іздеуге негізделген енгізу тестілерін әзірлеуге тиіс.

Бағалаушы өту тестілеуіне жалпы қолжетімді ақпарат көздерінде іздеу барысында идентификацияланған әлеуетті осалдықтарға БО оның алдын ала анықталған ортасында қабылдағыштығын анықтау үшін жеткілікті түрде дайындалуға тиіс. Бағалаушыға белгілі әлеуетті осалдықтарға қатысты үшінші тараптан (мысалы, сертификаттау жөніндегі орган) ұсынылатын кез келген ағымдағы ақпаратты бағалаушы бағалау бойынша басқа әрекеттерді орындау барысында анықталатын кез келген әлеуетті осалдықпен қатар зерттеуі қажет.

Бағалаушыға осалдықтарды іздеуде қауіпсіздік құрылымын сипаттауды талдау үшін (AVA_VAN.3-4 нақтыланған сияқты), тестілеудің құрылым қасиеттерін растаумен жүргізілу керектігі хабарланады. Қауіпсіздік құрылымының қасиеттерін теріске шығаратын теріс нәтижесі болатын тестінің қажет болуы ықтимал. Бағалаушы енуді тестілеу стратегиясын әзірлеуде қауіпсіздік құрылымын сипаттайтын барлық аспектілердің қолданылуын тестілеу және бағалаушының енуді тестілеуі сияқты тестіленгеніне көз жеткізуге тиіс.

Бағалаушының әрбір тестілер жиынтығы нақты осалдықты тестілеу үшін пайдаланылатын жерде бірқатар тестілер жиынтығын пайдалана отырып, өтуді тестілеуді орындау мақсатқа сәйкес деп санауы ықтимал.

Бағалаушының осалдық болатын затты шабуылды іске асыру үшін төмен әлеует талап етілетіндерден басқа, тестілеуі болжанбайды (оның ішінде жалпы қолжетімді көздерден белгілісі).

Алайда кейбір жағдайларда талап етілетін шабуыл әлеуеті анықталғаннан бұрын тестіні орындау қажет болады. Бағалаушы бағалау барысында зерттеулер нәтижесінде төменгіге қарағанда, жоғары шабуыл әлеуетімен ғана бұзушы пайдалануға жарамды болып табылатын кезде ол БТЕ қалдық осалдық сияқты беріледі.

Әлеуетті осалдықты пайдалануға арналған қажетті шабуыл әлеуетін есептеу жөніндегі нұсқау В.4 қосымшасында берілген.

Төмен, орташа немесе жоғары шабуыл әлеуетіне ие бұзушылар ғана пайдалануы үшін жарамды болып болжанатын осалдықтар бағалаушының осы әрекеті бойынша теріс қорытындыға әкелмейді. Талдау материалдары осы гипотезаны растайтын кезде, онда тиісті осалдықтар енуді тестілеуге арналған бастапқы деректер ретінде қарастырылмайды. Алайда осындай осалдықтар БТЕ қалдық осалдықтар ретінде келтіріледі.

Төмен, орташа немесе жоғары шабуыл әлеуетіне ие бұзушылар ғана пайдалануы үшін жарамды болып болжанатын және қауіпсіздік мақсаттарының бұзылуына әкелетін осалдықтарды БО енуді тестілеуге арналған нұсқау үшін пайдаланылатын тізбеде болатын аса жоғары басымдықты әлеуетті осалдыққа жатқызуға болады.

13.2.2.7. AVA_VAN.2-7 операциясы

Бағалаушы нақтылауы тестілер өндірімділігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті әлеуетті осалдықтар тізіміне негізделген өту тестілеріне арналған тестілеу құжаттамасын әзірлеуге тиіс.

Тестілеу құжаттамасында қамтылуы керек:

- а) тестіленетін БО айқын осалдығын идентификациялау;
- б) нақты енгізу тестісін өткізу үшін талап етілетін сияқты талап етілетін барлық тестілеу жабдықтарын қосу және орнату жөніндегі нұсқаулықтар;
- в) енгізу тестісін орындаудың барлық алғы шарттарын белгілеу жөніндегі нұсқаулықтар;

г) ОФҚ инициирлеу жөніндегі нұсқаулықтар;
д) ОФҚ орындау режимін қадағалау жөніндегі нұсқаулықтар;
е) күтілетін нәтижелермен салыстыру үшін ОФҚ қадағаланатын орындау режиміне қатысы бойынша орындалатын күтілетін барлық нәтижелерді және қажетті талдауды сипаттау;

ж) БО жай-күйін тестілеуден кейінгі қажетті тестілеу және орнатуды аяқтау жөніндегі нұсқаулықтар.

Бағалаушы жалпы қолжетімді орындардан іздеу және бағалау куәліктерін талдау барысында идентификацияланған әлеуетті осалдықтар тізбесіне негізделген енуді тестілеуге дайындалады.

Бағалаушының осалдық болатын затты шабуылды іске асыру үшін төмен әлеует талап етілетіндерден басқа, тестілеуі болжанбайды (оның ішінде жалпы қолжетімді көздерден белгілісі). Алайда кейбір жағдайларда талап етілетін шабуыл әлеуеті анықталғаннан бұрын тестіні орындау қажет болады. Бағалаушы бағалау барысында зерттеулер нәтижесінде төменгіге қарағанда, жоғары шабуыл әлеуетімен ғана бұзушы пайдалануға жарамды болып табылатын кезде ол БТЕ қалдық осалдық сияқты беріледі.

Бағалаушы болжанатын осалдықты түсініп, БО қабылдағыштығын қолайлы тестілеу тәсілін анықтайды. Атап айтқанда, бағалаушы мынаны қарастырады:

а) ОФҚ орындау және олардың реакцияларын қадағалауды инициирлеу үшін пайдаланылатын ОФҚИ немесе басқа БО интерфейстері (Бағалаушыға қауіпсіздік құрылымын сипаттауда суреттелетін ОФҚ қасиеттерін көрсету үшін басқа ОФҚ емес, БО арналған интерфейс талап етіледі (ADV_ARC талап ететін сияқты)). Бұл БО осы интерфейстері ОФҚ қасиеттерін тестілеу тәсілдерін болжайтындығымен ескерілгенмен, олар тестілеу объектісі болып табылмайды;

б) тестіні орындау үшін қажет болатын бастапқы шарттар (яғни, қажет болатын қандай да бір нақты объектілер немесе субъектілер және оларда болуы қажет қауіпсіздік атрибуттары);

в) ОФҚИ инициирлеу, не ОФҚИ қадағалау үшін қажет болатын тестілеуге арналған арнайы жабдық (дегенмен, арнайы жабдықтың айқын осалдықты пайдалану үшін қажет болуы екіталай);

г) жеке тестілеуді теориялық талдаумен ауыстыру, әсіресе, бастапқыда талдау нәтижелері қайталанатын шабуыл әрекеттерінің белгілі бір әрекеттер санынан кейін сәтті болу ықтималдығын көрсету үшін сыртқа таратылғаны маңызды.

Бағалаушының әрбір тесті жинағы нақты осалдықты тестілеу үшін пайдаланылатын жерде бірқатар тестілер жинағын пайдалана отырып, енуді тестілеуді орындау мақсатқа сәйкес деп санауы ықтимал.

Тестілеу құжаттамасында осы нақтылау деңгейін белгілеу мақсаты – басқа бағалаушыға тестіні қайталауға және балама нәтиже алуға мүмкіндік беру.

13.2.2.7.3 AVA_VAN.2-8 операциясы

Бағалаушы енуді тестілеуді жүргізуге тиіс.

Бағалаушы AVA_VAN.2-6 операциясында әзірленген ену тестілеріне арналған құжаттаманы ену тестілерін БО қатысы бойынша орындауға арналған негіз ретінде пайдаланады, бірақ бұл бағалаушыға қосымша арнайы ену тестілерін орындауға кедергі жасамайды. Егер қажет болса, бағалаушы енуді тестілеу процесінде ақпаратты зерделеу нәтижесінде арнайы тестілер ойлап таба алады, егер бағалаушы орындаса, ену тестілеріне арналған құжаттамаға кіргізіледі. Мұндай тестілер күтпеген нәтижелер немесе қадағалауларды түсіну немесе бағалаушы алдын ала жоспарланған тестілеу уақытында болатынын аңғарған әлеуетті осалдықтарды зерттеу үшін қажет болуы мүмкін.

Егер енгізу тестісі болжанатын әлеуетті осалдықтың болмайтынын көрсетсе, бағалаушы бағалаушының өзінің талдауының дұрыс болмағанын немесе дайындалған бағалаудың дұрыс емес немесе жеткіліксіз екенін анықтауға тиіс.

Шабуылды іске асыру үшін төменгі әлеует талап етілетіндерден басқа, бағалаушының осалдық болатын затты тестілеуі болжанбайды (оның ішінде жалпы қолжетімді көздерден белгілісі). Алайда кейбір жағдайларда талап етілетін шабуыл әлеуеті анықталғаннан бұрын тестіні орындау қажет болады. Бағалаушы бағалау барысында зерттеу нәтижесінде төменгі шабуыл әлеуетіне қарағанда, бұзушының үлкен әлеуетті пайдалануы үшін ғана жарамды болып табылатын әлеуетті осалдықты байқаған кезде, ол БТЕ-де қалдық осалдық ретінде келтіріледі.

13.2.2.7.4 AVA_VAN.2-9 операциясы

Бағалаушы ену тестілерінің нақты нәтижелерін белгілеуге тиіс.

Дегенмен, тестілерді орындаудың нақты нәтижелерінің кейбір өзгеше бөлшектері күтілетіннен ерекшеленуі мүмкін (мысалы, аудит жазбасындағы уақыт өрісі және күні), жалпы нәтиже бірдей болуы қажет. Кез келген айырмашылықты қатаң түрде негіздеу керек.

13.2.2.7.5 AVA_VAN.2-10 операциясы

Бағалаушы БТЕ тестілеу тәсілін, тестіленетін пішін үйлесімін, тестілеу белгілемесі мен тестілеу нәтижелерін қысқаша баяндап, енуді тестілеу бойынша бағалаушының шарттары туралы ақпаратты келтіруге тиіс.

Бағалаушының БТЕ келтіретін тестілеу туралы ақпараты тестілеу бойынша қызмет түрін бағалау барысында жұмсалған күшті және тестілеуге арналған жалпы тәсілді беруге мүмкіндік жасайды. Осы ақпаратты ұсыну мәні тестілеу бойынша күшке қысқаша мазмұнды шолу жасау. БТЕ тестілеу туралы ақпараттың жеке тестілердің нақты тестілеу операциялары немесе

нәтижелерінің дәл туындысы болуы міндетті емес. Әзірлеушінің БТЕ тестілеу туралы ақпаратының нақты тестілеу операциясының немесе жеке тестілер нәтижелерінің дәлме-дәл көшірмесі болуының мәні жоқ. Басқа бағалаушылар мен сертификаттау жөніндегі қызметкерлерге әзірлеушінің тестілеу тәсіліне қатысты орындалған тестілеу, БО тестіленетін пішін үйлесімдері көлемін және әзірлеушінің жалпы тестілеу нәтижелерін кейбір түсіну үшін мүмкіндік беретін жеткілікті нақтылаулар ұсыну мақсат болып табылады.

Әзірлеушінің енуді тестілеу жөніндегі ақпаратты, әдетте, БТЕ тиісті бөлімінен табуға болады, ол мынаны қамтиды:

а) БО тестіленетін пішін үйлесімдері. Енуді тестілеуге түсетін БО нақты пішін үйлесімдері;

б) Енуді тестілеуге түсетін ОФҚИ. Енуді тестілеу бағытталатын ОФҚИ және БО басқа интерфейстерінің қысқаша тізбесі;

в) Қызметтің осы ішкі түрі бойынша ұйғарым. Енуді тестілеу нәтижелері бойынша жалпы шешім.

Осы тізбе ешқандай жағдайда да БТЕ ұсынылуға тиіс бағалау барысында бағалаушы орындайтын енуді тестілеуге қатысты ақпарат типі туралы кейбір түсінік беру үшін ғана тағайындалған және жан-жақты болып табылмайды.

13.2.2.7.6 AVA_VAN.2-11 операциясы

Бағалаушы барлық тестілеу нәтижелерін өзінің алдын ала анықталған ортасында болатын БО төменгі шабуыл әлеуетіне ие бұзушыға орнықты болып табылатынын анықтау үшін зерттеуге тиіс.

Егер нәтижелер өзінің алдын ала анықталған ортасында болатын БО орташа шабуыл әлеуетіне қарағанда аз әлеуетке ие бұзушының пайдалануы үшін жарамды осалдығы болатынын көрсетсе, онда осы әрекет бойынша бағалаушы теріс қорытынды жасайды.

Нақты осалдықты пайдалану үшін қажетті шабуыл әлеуетін және осының салдарынан берілген ортада оның пайдаланылуын анықтау үшін нұсқаудың В.4 тармағы пайдаланылуға тиіс.

Орташаға қарағанда әлеуеті аз болатын бұзушының осалдықты пайдалана ма немесе жоқ па деген күдіктер болатын жағдайда қоспағанда, әр жолы шабуыл әлеуетін есептеп қажеті жоқ.

13.2.2.7.7 AVA_VAN.2-12 операциясы

Бағалаушы БТЕ әрбіреуі үшін нақтыланатын барлық пайдалануға жарамды осалдықтар мен қалдық осалдықтар туралы ақпаратты келтіруге тиіс:

а) оның көзі (мысалы, бағалау бойынша әрекеттерді орындаған кезде белгілі болған, бағалаушыға белгілі, жарияланымда оқылды);

б) ФҚТ жауап бермейтін;

в) сипаттау;

г) алдын ала анықталған ортада ол пайдаланыла ма, жоқ па (яғни, не пайдалану үшін жарамды немесе қалдық осалдық болып табылады);

д) В.4 қосымшасының В.2 және В.3 кестесін пайдалана отырып, осалдықты және тиісті мәндерді идентификациялауды орындау үшін қажетті уақыт көлемі, талдау деңгейі, БО білу деңгейі, мүмкіндіктер деңгейі және жабдық.

13.2.3 (AVA_VAN.3) қызметінің ішкі түрін бағалау

13.2.3.1 Мақсаты

Қызметтің осы ішкі түрінің мақсаты БО-ның өзінің алдын ала анықталған ортасында төменгі шабуыл әлеуеті болатын бұзушыға осалдықтың жарамды екенін анықтау.

13.2.3.2 Бастапқы деректер

Қызметтің осы ішкі түрінің бағалау куәліктері болып табылады:

- а) ҚТ;
- б) функционалдық сипаттізім;
- в) БО жобасы;
- г) қауіпсіздік құрылымын сипаттау;
- д) таңдалған ішжиынды жүзеге асыру;
- е) нұсқау;
- ж) тестілеу үшін жарамды БО;
- и) әлеуетті осалдықтарды идентификациялауды қамтамасыз ететін жалпы қолжетімді ақпарат.

Қызметтің осы ішкі түрі үшін қалған болжанатын бағалау куәліктері сенім пакетінде қамтылатын құрауыштарға тәуелді болады. Әрбір құрауышты қамтамасыз ететін куәліктер қызметтің осы ішкі түрінде бастапқы ретінде пайдаланылады.

Қызметтің осы ішкі түрі үшін айқын осалдықтарға қатысты ағымдағы ақпарат қосымша бастапқы материал болып табылады (мысалы, сәйкестікті растау жөніндегі органнан болатын).

13.2.3.3 Қолдану бойынша ескертулер

Бағалаушы бағалау бойынша әрекеттерді орындаған уақытта мүдделі саланы идентификациялай алады.

Бағалаушы қалдыратын БО куәліктерінің осы ерекше бөлімдері куәлікпен байланысты қызмет талаптарына жауап береді. Үлгі үшін, жеке интерфейс сипаттізімі арнайы жиынтықты іздейді және сондықтан БО әзірлеу уақытындағы сияқты БО пайдалану уақытында қате жіберуге бейім болады. Осы операцияда әлеуетті осалдықтың одан әрі зерттеуде талап етпеуі анық. Бұл кездейсоқ емес, сондықтан одан әрі зерттеуде талап етеді.

Әлеуетті осалдықты идентификациялаудың арнайы әдісі бұл ақпаратта болатын кез келген әлеуетті осалдықты идентификациялау мақсатында куәландыруды талдау. Бұл әдіс анықталмағандықтан, құрастырылмаған талдау. Талдауға арналған кезекті нұсқаулар В қосымшасында көрсетілген.

13.2.3.4 AVA_VAN.3.1E әрекеті

БО тестілеу үшін жарамды болуға тиіс.

13.2.3.4.1 AVA_VAN.3-1 операциясы

Бағалаушы БО тестіленетін пішін үйлесімінің ҚТ анықталған бағалау пішін үйлесімімен келісілгені туралы қорытынды жасау үшін зерттеуге тиіс.

Бағалаушының тестілеу үшін пайдаланатын БО УК қызметінің ішкі түрінің мүмкіндіктерімен белгіленетін дәл сондай бірегей таңбалауы болуы және ҚТ кіріспе бөлімінде идентификациялануы керек.

ҚТ бағалануға тиіс бірнеше пішін үйлесімі анықталуға тиіс. БО ҚТ сәйкестігіне тестіленуге тиіс әр түрлі бірқатар аппараттық және программалық жүзеге асырулардан тұруы мүмкін.

Бағалаушы тестілеу ортасына қатысы болуы мүмкін БО қауіпсіздік ортасының аспектілеріне қатысты ҚТ сипатталған болжамдарды қарастыруы керек. ҚТ тестілеу ортасына қатысы болмайтын басқа да болжамдар болуы мүмкін. Мысалы, пайдаланушылардың рұқсатнамасына қатысты болжам тестілеу ортасына қатысты болмауы мүмкін, алайда, желіге қосылатын бірыңғай нүктеге қатысты болжам, әдетте, тестілеу ортасына қатысты болады.

Қандай да болмасын тестілеу құралдарын пайдаланған кезде (мысалы, өлшеуіштер, талдағыштар) осы құралдардың дұрыс калибрленуін қамтамасыз ету бағалаушының міндеті болады.

13.2.3.4.2 AVA_VAN.3-2 операциясы

Бағалаушы БО оның дұрыс орнатылғаны және белгілі күйінде болатыны туралы қорытынды жасау үшін зерттеуге тиіс.

Бағалаушының бірнеше тәсілдермен БО жай-күйі туралы қорытынды жасауға мүмкіндігі бар.

Мысалы, осының алдындағы (AGD_PRE.1) қызметінің ішкі түрін сәтті аяқтау тестіленетін БО егер тиісті түрде орнатылғанына және белгілі жағдайда екендігіне бағалаушы әлі сенімді болмаса, осы операцияны орындалған деп санауға мүмкіндік береді. Егер бұл бұлай болмаса, онда бағалаушыға жеткізілген нұсқауды ғана пайдалана отырып, БО орнату, өндіру және іске қосу үшін әзірлеушінің процедураларын басшылыққа алу ұсынылады.

Егер бағалаушыға БО белгісіз жай-күйде болуы салдарынан орнату процедураларын орындауға тура келсе, онда сәтті аяқтаған кезде осы операция AGD_PRE.1-3 операциясын қанағаттандырған болар еді.

13.2.3.5 AVA_VAN.3.2E әрекеті. AVA_VAN.3-3 операциясы

Бағалаушы БО әлеуетті осалдықтарын идентификациялау үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздерін зерттеуге тиіс.

Бағалаушы БО әлеуетті осалдықтарын идентификациялау үшін жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеуге тиіс.

Бағалаушы, мысалы, бүкіләлемдік өрмекте қолжетімді ақпаратты пайдалана отырып зерттеуге тиіс жалпы қолжетімді ақпарат көздері болады, мыналарды қоса алғанда:

- а) конференция хаттамалары;
- б) мамандандырылған басылымдар (журналдар, кітаптар);
- в) ғылыми мақалалар.

Бағалаушы өзінің жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеулерін жоғарыда аталған көздермен шектемеуге тиіс, кез келген маңызды қолжетімді ақпаратты зерттеуі қажет.

Бағалаушы ұсынылатын куәліктерді талдаумен қатар, кезекті іздеу үшін жалпы қолжетімді ақпарат көздеріндегі ақпаратты пайдаланатын болады. Бағалаушы қызықты саланы анықтаған кезде, бағалаушы қызықты салаға қатысты жалпы қолжетімді ақпаратты зерттеуге тиіс.

Оңай қол жеткізетін ақпаратқа қол жеткізу бұзушыға идентификациялауға көмектеседі және шабуылға ықпал етеді, осы бұзушының шабуыл әлеуетін арттыра отырып елеулі әрекет етеді. Ғаламтордағы осалдықтар және жетік бұзу құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу осы ақпараттың БО әлеуетті осалдығын идентификациялау және оларды пайдалану әрекетінде пайдаланатындығы туралы ықтималдықты арттырады. Осындай ақпаратты уақытылы іздеу құралдары оны бағалаушы үшін оңай қол жететін етеді және жарияланған әлеуетті осалдықтарға және жақсы белгілі қарапайым шабуылдарға қарсы әрекетті анықтауға жоғары тиімді тәсілмен қол жеткізуге болады.

Жалпы қолжетімді ақпаратты іздеу типіне БО жататын өнімдермен айналысатын ресурстарда топталуға тиіс. Осындай іздеудің ұлғаюы мынадай факторлармен анықталуға тиіс: ОО типі, бағалаушының осындай типтегі БО жұмыс тәжірибесі, әлеуетті шабуылдар ықтималдығы және қолда бар куәліктер бойынша ADV деңгейі.

Бір әлеуетті осалдықты идентификациялау одан әрі зерттеуді қажет ететін басқа мүдделі саланы идентификациялауға әкелуі мүмкін қайталанатын идентификациялау процесі.

Бағалаушы жалпы қолжетімді ақпараттағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін қандай әрекеттер жасалғанын көрсетуге тиіс. Алайда, бағалаушы мұндай іздеу әдісі кезінде әдіс іздеу уақытында алынған нәтижеде анықталуы мүмкін болғандықтан, зерттеуді бастар алдында әлеуетті осалдықтарды идентификациялау бойынша операцияны сипаттай алмайды.

Бағалаушы әлеуетті осалдықтарды іздеуді аяқтаған кезде зерттелген куәліктерді көрсетеді. Аталған куәліктер таңдамасы бұзушының қолы жетуі мүмкін болып саналатын куәліктермен байланысты немесе бағалаушы ұсынатын қисынды негіздемелерге сәйкес бағалаушы анықтайтын көздерден алынуы мүмкін.

13.2.3.6 AVA_VAN.3.3E әрекеті

13.2.3.6.1 AVA_VAN.3-4 операциясы

Бағалаушы БО-дағы әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін ҚТ, нұсқау, функционалдық сипаттізім, БО жобасы, қауіпсіздік құрылымының сипаттауын зерделеуге тиіс.

Әдетте, функционалдық тестіні орындауға арналған автоматты тесті жиынтығын пайдаланған кезде, бағалаушыға әзірлеушінің тестісін іріктеуді ғана қайталағаннан гөрі жалпы тесті жиынтығын қайта тексерген оңай. Бұған қарамастан, бағалаушының автоматты тестінің дұрыс нәтиже бермейтінін тексеруге міндеттілігі болады. Тұжырым мынадай, автоматты тесті жиынтығын іріктеу басқалардан артығырақ тестіні іріктеу және осы жағдаймен бірдей қолданылатын іріктеудің жеткілікті көлеміне кепілдік беру үшін түбегейлі тексерілуге тиіс.

Іріктеу кезінде мынадай принциптерді әрдайым сақтау ұсынылады:

а) іріктеу кездейсоқ болуы мүмкін емес, керісінше, барлық куәлік үлгілерін таңдайтын сияқты іріктеу керек. Іріктеу көлемі мен құрылымы негізделген болуға тиіс;

б) іріктеу БО дұрыс орындауға негізделетін кезде, іріктеудің оның қолданылу салаларына қатысты барлық аспектілер бойынша репрезентативті болуы керек. Атап айтқанда, іріктеу құрауыштар, қауіпсіздік функциялары, әзірлеу және пайдалану орындарының және аппараттық платформалар типтерінің (егер олар бірнешеу болса) алуан түрлілігін қамтуы керек (егер олар бірнешеу болса).

Іріктеу көлемін бағалау тиімділігімен салыстыру қажет, ол БО кейбір сипаттамаларына (мысалы, БО өлшемдері мен күрделілігі, құжаттаманың көлемі) байланысты болады;

в) сондай-ақ, іріктеу әзірлеушінің тестісі қайталанатын және өндірілетін болып табылатыны туралы куәлікті нақты алуға қатысты болған кезде, пайдаланылатын іріктеу әзірлеушінің әр түрлі тесті режимдері сияқты барлық белгілі бір аспектілеріне сәйкес болуға тиіс. Пайдаланылатын іріктеу әзірлеуші тестісінің функционалдық процесінде кез келген жүйе проблемасын байқауға тиіс. Бағалаушының әрекеті, яғни әзірлеуші тестісінің дүркіндігі және тәуелсіз тестілердің орындалуы БО-да негізгі мәселелерді көрсетуге қатысты дәлелденген болып табылуға тиіс;

г) іріктеу кейбір процесті орындау куәлігін алу үшін іске асыру үшін жерде (мысалы, келушілерді бақылау немесе жобаны талдау) бағалаушы процесті орындауда қабылдауға лайық сенімділікті алу үшін жеткілікті ақпарат көлемін таңдауы керек;

д) өтініш беруші мен әзірлеушіге іріктеудің нақты құрамы туралы күні бұрын хабарламау керек. Сондықтан іріктеу және қосымша материалдардың уақытылы жеткізілу қажеттігі ескерілуі керек, мысалы, бағалаушыға тесті программаларының кешені және жабдықтар бағалау жүргізу кестесіне сәйкес;

е) таңдау кезінде іріктеу мүмкіндігінше қасақана болмауы керек (қашанда тізімдегі бірінші немесе соңғы нөмірді ғана таңдамау қажет). Шындығында іріктеуді бағалаушыға емес, басқа біреуге тапсыру керек.

Таңдауда табылған қателер екі санатқа жатқызылуы мүмкін — жүйелік немесе кездейсоқ. Егер қателік жүйелік болса, оның себебін жойып, жаңа іріктеуді толық орындау қажет. Әзірлеушінің кездейсоқ қателер туралы мәселені тиісті түсіндіруі кезінде мұндай түсіндіруді растау қажет болғанымен, жаңа іріктеудің қажетінсіз шешілуі мүмкін. Бағалаушының анықтау кезінде басқа іріктеуді таңдау немесе пайдалану көлемін арттыру туралы дұрыс мағынаны басшылыққа алғаны жөн.

А.3 Тәуелділіктер

А.3.1 Кіріспе

Жалпы жағдайда бағалау бойынша қызметтер мен әрекеттердің талап етілетін түрлері мен ішкі түрлерін еркін тәртіппен немесе параллель орындау мүмкін. Дегенмен, бағалаушының ескеруге тиіс бірнеше тәуелділік түрлері болады.

Осы ішкі бөлім бағалау бойынша әр түрлі қызмет және әрекет түрлері мен ішкі түрлері арасындағы тіркеу жөніндегі жалпы нұсқауды ұсынады.

А.3.2 Қызмет түрлері арасындағы тәуелділіктер

Кейбір жағдайларда әр түрлі сенім кластары үшін бағалау бойынша сонымен байланысты қызмет түрлерін орындаудың тіпті белгілі бір жүйелілігі ұсынылуы немесе талап етілуі мүмкін. Нақты үлгі – ҚТ бағалау бойынша қызмет түрі. ҚТ бағалау бойынша қызмет түрі алдымен ҚТ оларды орындау негізі мен контексін қамтамасыз ететіндіктен, БО бағалау жөніндегі қандай да бір қызмет түрлерінен басталады. Алайда, БО бағалауды аяқтағанша БО бағалау бойынша қорытынды шешім жасау БО бағалау жөніндегі қызмет нәтижелері ҚТ-да өзгерістерге әкелуі мүмкін болғандықтан, мүмкін емес.

А.3.3 Қызметтің ішкі түрлері арасындағы тәуелділіктер

Бағалаушының БК 3-бөлімінде көрсетілген құрауыштар арасындағы тәуелділікті ескеруі қажет.

Тәуелділіктердің көбі – бір жақты, мысалы, AVA_VAN.1 бағалау қызметінің ішкі түрі ADV_FSP.1 және AGD_OPE.1 бағалау қызметінің ішкі түрін талап етеді. Сонымен бірге екі құрауыш та бір-біріне байланысты болатын өзара тәуелділік үлгілері бар. Бұның үлгісі ATE_FUN.1 бағалау қызметінің ішкі түрі және ATE_COV.1 бағалау қызметінің ішкі түрі болып табылады.

Әдетте, қызметтің ішкі түрі бойынша оң қорытындыны қызметтің осы ішкі түрі байланысты болатын қызметтің сол басқа ішкі түрлерін сәтті аяқтаған кезде ғана қабылдауға болады. Мысалы, әдетте, AVA_VAN.1 бойынша оң қорытынды егер ADV_FSP.1 және AGD_OPE.1 жататын қызметтің ішкі түрлері бойынша ғана шешім, сондай-ақ оң қорытынды қабылданған кезде қабылдануы мүмкін. Өзара тәуелділік жағдайында осы құрауыштарды орындау тәртібін бағалаушы шешеді. Бұл әдетте оң қорытындының қызметтің екі ішкі түрі де сәтті аяқталған кезде анықталуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Сондықтан анықтау кезінде қызметтің кейбір ішкі түрінің басқа қызметтің ішкі түріне әсер ететінін, қызметтің осы ішкі түрінің қызметтің кез келген тәуелді ішкі түрін бағалаудың әлеуетті нәтижелеріне байланысты болатынын анықтау керек болады. Шындығында, қызметтің тәуелді ішкі түрінің өзінің қызметтің осы ішкі түріне бұрын аяқталған әрекеттерді қайтадан орындауын талап ете отырып, әсер етуі мүмкін.

Бағалаушы кемшіліктерді байқаған кезде, тәуелділікті алу кезінде елеулі маңызы болады. Егер кемшілік қызметтің тәуелді ішкі түрі бойынша оң қорытынды ол байланысты болатын қызметтің ішкі түріне жататын барлық кемшілікті жойғанша мүмкін болмайды.

А.3.4 Әрекеттер арасындағы тәуелділіктер

Бағалаушының бір әрекеті уақытында алынған нәтижелердің басқа әрекетті орындау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, толықтық және қарама-қайшы келмеуін талдау бойынша әрекеттер куәліктердің мазмұнын және ұсынылуын тексеру аяқталғанша бітпеуі мүмкін. Бұл мысалға ПП/ҚТ дәлелдеуге арналған бағалауды сол ПП/ҚТ бөліктерінің қайшы келмейтінін бағалаудан кейін ғана орындау керек екенін білдіреді.

А.4 Объектілерді аралау

А.4.1 Кіріспе

АЛС сенім санаты мынадай талаптарды қамтиды:

а) БО бүтіндігінің сақталуын қамтамасыз ететін пішін үйлесімін басқаруды қолдану;

б) БО арналған қауіпсіздік қорғауын қамтамасыз ететін және пайдаланушыға жеткізу кезінде қатерге ұшырамайтын БО қауіпсіз жеткізуге қатысты шаралар, процедуралар және стандарттар;

в) қоршаған ортаның дамуын күзетуді қорғауға арналған қауіпсіздік шаралары.

Әзірлеу объектілерін аралау – бағалаушының құжаттамадағы өз сипаттамасына қайшы келмейтін тәсілмен процедуралардың орындалуын анықтаудың пайдалы тәсілі.

Объектілерді мыналармен танысу үшін аралайды:

а) УК жоспарында суреттелгендей УК жүйесін пайдалану;

б) жеткізу туралы құжаттарда сипатталғандай жеткізу процедураларын іс жүзінде қолдану;

в) әзірлеу қауіпсіздігі жөніндегі құжаттамада сипатталғандай, БО әзірлеу және қолдау уақытында қауіпсіздік шараларын қолдану;

Нақты әрі толық ақпарат осындай аралау қарастырылатын жердегі қызмет түрлерінің операцияларында берілген:

а) УК жарамдылығы $ALC_CMC.n$ с $n \geq 3$ (әсіресе, жұмыс кезеңінде $ALC_CMC.3-10 = ALC_CMC.4-13 = ALC_CMC.5-19$);

б) ALC_DEL жеткізуі (әсіресе, жұмыс кезеңінде $ALC_DEL.1-2$);

в) әзірлеу қауіпсіздігі ALC_DVS (әсіресе, жұмыс кезеңінде $ALC_DVS.1-3 = ALC_DVS.2-4$).

А.4.2 Жалпы әдіс

Бағалау уақытында бағалаушының әзірлеушімен бірнеше жиі кездесуі қажет және әдеттегі тиімді жоспарлау мәселелерінің бірі – шығынды азайту үшін объектілерді бірлесе аралау. Мысалы, объектілерді әзірлеуші

қамтамасыз ететін пішін үйлесімдерін, қауіпсіздікті басқаруды және жеткізулердің орындалуын тексеру үшін аралаумен үйлестіруге болады. Сондай-ақ барлық әзірлеу сатысын тексеру үшін бір ғана объектіні бірнеше рет аралау қажет болуы ықтимал. Әзірлеудің бір аумақта немесе бірнеше жерде орналасқан бір ғимараттың бірнеше үй-жайларында өтуі мүмкін екенін ескеру керек.

Объектіні алғашқы аралауды бағалаудың ерте сатысында жоспарлау керек. БО әзірлеу сатысында басталатын бағалау үшін бұл қажет болған кезде түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. БО әзірлеуді аяқтаған соң өткізілетін бағалау үшін ертерек аралау егер қолданылатын процедураларда күрделі дәлсіздіктер байқалатын болса, түзету бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл бағалау кезінде артық күшті болдырмауға мүмкіндік береді.

Интервью сондай-ақ шын мәнінде не жасалатынын құжатталған процедуралардың бейнелейтінін анықтаудың пайдалы тәсілі болып табылады. Бағалаушы осы тәріздес интервью жүргізген кезде әзірлеу орнында талданатын процедураларды, олардың ұсынылатын бағалау куәліктеріне сәйкес іс жүзінде пайдаланылу және қолданылуын барынша терең түсінуге ұмтылуы қажет. Мұндай интервьюлер бағалау куәлігін зерттеуді толықтырады, бірақ алмастырмайды.

Объектіні аралауға дайындықтың бірінші операциясы бағалаушының объектіні аралау нәтижесін сипаттайтын аспектілерді қоспағанда, АЛС сенім санатына қатысты бағалауды орындауы болып табылады. Әзірлеушінің тиімді құжаттамасының ақпаратын және жауапсыз қалған мәселелерін негізге ала отырып, бағалаушылар объектілерді аралау арқылы шешілуге тиіс мәселелерді тексеру тізбесін жинайды.

АЛС санаты туралы бағалау есебінің бастапқы нұсқасы және тексерістер тізбесі бағалау жұмыстарының нұсқауына сәйкес объектілерді аралауға қатысты кеңеске арналған негіз ретінде қабылданады.

Тексерістер тізбесі объектілерді аралау, тиімді шараларды қарау кезінде жауабы табылуы мүмкін мәселелер, олардың қолданылуы және интервью арқылы жол көрсеткіш болып қолданылады. Іріктеу тиісті жерлерде сенімнің белгілі бір деңгейін қажет етеді (А қосымшасын қараңыз).

Объектілерді аралау нәтижелері жазылып алынады және АЛС сенім санаты туралы бағалау есебінің қорытынды нұсқасы үшін негіз ретінде қолданылады.

Онда балама сенім деңгейін білдіретін сенімділікке ие болу үшін басқа тәсілдерді қарастыру керек (мысалы, бағалау куәлігін талдау). Аралауды өзгерту туралы кез келген шешімді сертификаттау жөніндегі органмен кеңескеннен кейін қабылдау керек. Қауіпсіздіктің қолайлы критерийлері мен әдіснамасы Қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық басқару жүйелерінің стандарттарына негізделеді.

А.4.3 Тексерістер тізбесін дайындауға арналған анықтамалық-бағдар

Төменде көрсетіліп анықталған түйінді сөздерді тексеріс уақытында тексеру керек.

А.4.3.1 Пішін үйлесімін басқару аспектілері

Негіз:

- БО, бастапқы код, орындаулар сериясы, жобалық құжаттама, ALC_CMC.3-8 әзірлеу жөніндегі нұсқауды қоса алғанда, пішін үйлесімдері тізбесінің тармақтары;

- жобалық құжаттаманы қостау, бастапқы код, БО әр түрлі нұсқалары бойынша пайдаланушының жол көрсеткіші;

- пішін үйлесімдері жүйесін жобалау және әзірлеу процесіне біріктіру, тесті жоспары, тестіні талдау және сапалық басқару процедуралары.

Тесті талдаулары:

- тесті жоспарларын қолдау және БО белгілі бір пішін үйлесімдері мен нұсқалары бойынша нәтижелер;

- қол жеткізу және тіркеуді бақылау жүйесі;

- қол жеткізу құқығын белгілі бір жобалық тағайындау немесе өзгерту жүйесі.

Рұқсатнама:

- БО қол жеткізу және клиенттерге арналған жол көрсету жүйесі;

- тарату алдында БО үшін және тестілеу және құптау құрауыштарына арналған жүйе.

А.4.3.2 Әзірлеудің қауіпсіздік аспектілері

Инфрақұрылым:

- әзірлеу объектілеріне қол жеткізуді жеке бақылауға арналған қауіпсіздік шаралары және аталған шараларды тиімді негіздеу.

Ұйымдастырушылық іс-шаралар:

- қоршаған ортаны дамыту қауіпсіздігіне қатысты ұйымдастырушылық құрылым;

- әзірлеу, өнім, тесті және сапа кепілдігі арасындағы ұйымдастырушылық сұрыптау.

Дербес іс-шаралар:

- әзірлеу қауіпсіздігіне қатысты жеке құрам құру жөніндегі шаралар;

- ішкі ақпаратты жария етпеу жөніндегі шаралар мен құқықтық келісімдер.

Қол жеткізуді бақылау:

- күзетілетін объектілерді тағайындау (мысалы, БО, бастапқы код, орындау сериялары, жобалық құжаттама, әзірлеу бойынша нұсқау, жол көрсеткіштер) және қауіпсіздік жүйелері;

- қол жеткізуді бақылау және идентификацияланған ақпаратты иеленуге қатысты жүйелер мен міндеттемелер;

- тіркеу деректерін әзірлеу және сақтау объектілеріне кез келген қол жеткізу түрін тіркеу жүйелері. Кіріс, жұмыс процестері мен шығыс деректер;
- шығару және шығару құрылғыларын қорғау бойынша қауіпсіздік шаралары (принтер, плоттер және дисплейлер);
- жергілікті және коммуникациялық байланысты қорғауды ұйымдастыру.

Құжаттарды сақтау, тапсыру және жою және деректер жиынтығы:

- құжаттар және деректерді қолдану жүйелері;
- бөлінген құжаттаманы жою және аталған оқиғаларды тіркеу жүйелері мен міндеттемелері.

Деректерді қорғау:

- деректер мен ақпараттарды қорғау жүйелері мен міндеттемелері (мысалы, резервтік көшірмелер).

Кездейсоқ жағдайдағы оқиғалар жоспары:

- кездейсоқ жағдайлар мен басқа міндеттемелерге жаттығу;
- қол жеткізуді бақылауға қатысты күтпеген жағдайдағы оқиғаларға қолданылатын шаралар бойынша құжаттар;
- төтенше жағдайлардағы қолданылатын жаттығулар туралы жеке құрамның ақпараты.

А.4.4 Бақылау кестесінің үлгісі

Объектілерді қарауға арналған бақылау кестелерінің үлгілері аудитті әзірлеуге арналған және аудит нәтижелерін ұсынуға арналған кестелерден тұрады.

Бақылау кестесінің осы құрылымы бағдарлаушы болып табылады. Жаңа нұсқаудың нақты мазмұнына байланысты өзгерістер талап етілуі мүмкін.

Бақылау кестесі үш тармақшадан тұрады және А.1 кестесінде берілген.

а) жүйенің пішін үйлесімін басқару;

А.1 кестесі – ДОБ 4 бойынша бақылау кестесінің үлгісі (үзінді)

А. Пішін үйлесімдерін басқару жүйелерін тестілеу (ALC_CMC.4 және ALC_CMS.4)					
№	Операция	Әзірлеуші құжаттамасы	Бағалау	Ескертулер мен сұрақтар	Нәтижесі
A.1	ALC_CM C.4- 11, ALC_CM C.4- 12	“Пішін үйлесімін басқару жүйесі”, ch.	Бастапқы кодтар файлдарын автоматты басқаратын, пайдаланушы пішіндерін басқаруға рұқсат беретін және рұқсат беру	Бастапқы код файлын оқу немесе жаңарту үшін түпнұсқалан дыру қажет пе?	Егер пайдаланушының құпия құжатқа рұқсат құқығы болмаса, бұл үшін ол тіпті файлдар тізімінде

			құқығымен сараланған, сондай-ақ пайдаланушыларды идентификациялау және түпнұсқаландыруды тексеру жүйесі.		бейнеленбейді.
...	...	...	...	...	...
В. Жеткізу ережелерін тестілеу (ALC_DEL.1)					
№.	Операция	Әзірлеуші құжаттамасы	Бағалау	Ескертулер мен сұрақтар	Нәтижесі
B.1	ALC_DEL.1-1, ALC_DEL.1-2	“БО жеткізу”, ch. ...	Программалық қамтамасыз етуге қол қойылған және PGP жүйесімен шифрленіп тұтынушыға берілді.	---	Бағалаушылар жеткізу процесін тексерді және оның сипаттауға сәйкестігі туралы қорытындыға келді, бақылау сомасы қосымша беріледі.
...	...	...	...	...	...
С. Әзірлеушінің ұйымдастырушылық және инфрақұрылымдық қауіпсіздігін тестілеу (ALC_DVS.1, ALC_LCD.1, ALC_TAT.1)					
№.	Операция	Әзірлеуші құжаттамасы	Бағалау	Ескертулер мен сұрақтар	Нәтижесі
C.1	ALC_DVS.1-1, ALC_DVS.1-2	“Әзірлеу ортасының қауіпсіздігі”, ch. ...	Ғимарат қауіпсіздік қоршауымен қорғалған	Қоршау жеткілікті күшті болып табылады ма?	Бағалаушылар қорғауды санап шықты.
...	...	...	...	...	...
С. Әзірлеушінің ұйымдастырушылық және инфрақұрылымдық қауіпсіздігін тестілеу (ALC_DVS.1, ALC_LCD.1, ALC_TAT.1)					
№.	Операция	Әзірлеуші құжаттамасы	Бағалау	Ескертулер мен сұрақтар	Нәтижесі
		(Бастапқы ережелер)		Ғимаратқа оңай кіруді болдырмас үшін биік?	Күшті және биік болу жеткілікті

C.2	ALC_DVS.1-1, ALC_DVS.1-2	“Әзірлеу ортасының қауіпсіздігі”, ch. ... (Ғимарат)	Ғимараттың мынадай қол жеткізу мүмкіндігі бар: қабылдау бөлмесі бақылайтын және жабық тұратын негізгі қол жеткізу, егер қабылдау бөлмесінде қызмет көрсетуші персонал болмаса. Және екі аунақты терезе қақпағымен қорғалатын тауарларды қабылдау бөлмесіне қол жеткізу.	Қол жеткізу мүмкіндіктерінің тізбесі толық болып табылады ма?	Аталған қол жеткізу мүмкіндіктерінен басқа, сыртынан ашылуы мүмкін емес апаттық шығу болады. Алдында айтылған аунақты терезе қақпақтары ішкі жағынан ғана басқарылады.
-----	-----------------------------	--	---	---	--

б) жеткізу ережесі;

в) әзірлеу барысында қауіпсіздік қамтамасыз ету шаралары.

Осы тармақшалар қолданыстағы ҚР СТ ИСО / МЭК 15408 ALC класына, әсіресе, (ALC_CMC).n n> = 3 кезінде пішін үйлесімдерін басқару топтарының мүмкіндіктеріне сәйкес келеді, (ALC_DEL) жеткізу және әзірлеу қауіпсіздігі (ALC_DVS).

Тармақшалар бұдан әрі осы стандартты бағалаудың тиісті белгілі бір операцияларына, жолдарға бөлінеді.

Бақылау кестесінің бағандарында өз кезегінде болады,

- тізбектік нөмірі;
- анықтамалық ақпарат болатын операциялар;
- әзірлеушінің тиісті құжаттамасына арналған сілтемелер;
- әзірлеушінің бағалауларын дәл жасауы;
- қарау кезінде анықталуға тиіс арнайы ескертулер мен мәселелер (бағалаушының аталған шараларды қолданудың дұрыстығын тексеруге беретін стандарттық тапсырмасынан басқа);
- қарау барысындағы тестілеу нәтижелері.

Егер аудит туралы баяндамалар әзірлену және ұсынуға арналған жеке бақылау кестелері болуы керек туралы шешім қабылданса, нәтижелер бағаны әзірлеу кестесінде көрсетілмейді, ал ескертулер мен мәселелер бағаны есеп

беру кестесінде көрсетілмейді. Қалған бағандар екі кестеде бірдей болуға тиіс.

А.5 Міндеттемелер сызбанұсқасы

Осы стандарт қадағалау органдары жүргізетін бағалауды орындауға тиіс минимальды техникалық жұмыстарды сипаттайды (жүйелер). Дегенмен, ол сондай-ақ, (тура және жанама) бағалау нәтижелерін екі жақты тануға байланысты болмайтын қызмет түрлері мен әдістерінің болатынын мойындайды. Айқындық және анықтық мақсатында және осы стандарттың қай жерде аяқталатынын және жеке жүйе әдіснамасының қай жерден басталатынын жақсырақ анықтау үшін мынадай мәселелер жүйенің қарауына қалдырылды. Жүйелер мыналарды көрсетті, дегенмен бір нәрсені көрсетпей кетуі мүмкін. (Осы кестенің толықтығын қамтамасыз ету үшін барлық күш жұмсалды; не осында, не осы стандартта аталмаған субъектімен соқтығысатын бағалаушылар субъектінің неліктен төмен түсетінін анықтау үшін олардың бағалау жүйесіне арналған анықтамаға жүгінуі керек).

Жүйе көрсете алатын мәселелер мынаны қамтиды:

а) жүргізілген бағалаудың жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін не талап етіледі - әрбір жүйенің техникалық біліктілікті верификациялау, жұмысты және оны бағалаушылар жұмысын түсіну, не бағалаушылар талаптарымен қадағалау органдарының бағалаушының жұмысын барлық бағалау органдарының барабарлығы мен салыстырмалылығы туралы жүйені куәландыратын қандай да бір басқа тәсілдермен қайта орындауын талап ете отырып, қадағалау органдарына табылған мәліметтерді ұсыну құралдары болады;

б) бағалауды аяқтаған кезде бағалау куәліктерін жою процесі;

в) кез келген құпиялылық талаптары (бағалаушы тарапынан және бағалау барысында алынатын ақпаратты жария етпеу);

г) бағалау барысында проблемамен соқтығысқан кезде қабылдануға тиіс әрекеттер тәртібі (бағалаудың проблема жойылғаннан кейін жалғасатынына немесе дерек аяқталатынына қарамастан, түзетілген өнім бағалау үшін қайта ұсынылуға тиіс);

д) құжаттама тапсырылуға тиіс кез келген ерекше (табиғи) тіл;

е) техникалық бағалау есебінде ұсынылуға тиіс кез келген жазылған куәліктер - осы стандарт техникалық бағалау есебінде есепке арналған минимумды анықтайды, алайда, жеке жүйелер қосымша ақпараттың қамтылуы талап етуі мүмкін;

ж) бағалаушылардан талап етілетін кез келген қосымша есептер (техникалық бағалау есебінен басқа), мысалы, тестілеу есептері;

и) жүйеде талап етілуі мүмкін қандай да бір нақты талаптар, оның ішінде құрылым, алушылар немесе осындай талаптардың кез келгені;

к) ҚТ бағалау нәтижесінде қандай да бір жазба есеп мазмұнының кез келген нақты құрылымы – жүйенің БО немесе ҚТ бағалауы сияқты бағалау

нәтижелерін толық сипаттайтын барлық өз есептері үшін белгілі бір пішіні болуы мүмкін;

л) ҚП/ҚТ идентификациялаудың кез келген қосымша ақпараты;

м) ҚТ-да анық қалыптасқан талаптардың жарамдылығын анықтауға арналған кез келген қызмет түрлері;

н) куәліктерді қайта бағалау және қайта пайдалануды қолдауда бағалаушы куәліктерін қамтамасыз етуге арналған кез келген талаптар;

о) жүйенің идентификаторлары, логотиптері, тауарлық белгілері және т.с.с. кез келген нақты өңдеуі;

п) криптографияға қатысты кез келген нақты нұсқау;

р) жүйені, ұлттық және халықаралық интерпретацияларды өңдеу және қолдану;

с) тестілеуге жол берілетін жерде, тестілеуге арналған жарамды балама тәсілдер тізбесі немесе сипаттамалары;

т) бағалау органы сол арқылы бағалаушының тестілеу кезінде қандай шаралар қолданғанын анықтай алатын механизм;

у) тестілеу үшін жоғары бағаланатын тәсіл (егер мұндайлар болса): ішкі интерфейс немесе сыртқы интерфейске;

ф) бағалаушының осалдық талдауын өткізуге қолданатын құралдарының тізбесі немесе құралдары (мысалы, кемшіліктер туралы жорамал әдіснамасы);

х) қаралуға тиіс қандай да бір осалдықтар немесе әлсіз орындар туралы мәліметтер.

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Осалдықты бағалау (AVA)

Осы қосымшада AVA_VAN критерийлерінің түсінігі және оларды қолдану үлгілері болады. Осы қосымша AVA критерийлерін анықтамайды; бұл анықтайды ИСО / МЭК 15408-3 AVA класының тармақшасынан табуға болады:

Осалдықты бағалау.

Осы қосымша негізгі екі бөліктен тұрады:

а) осалдықты тәуелсіз талдауды аяқтау жөніндегі нұсқау. Б.1 тармақшасында қысқаша баяндалған және Б.2 тармақшасында барынша толық сипатталған. Осы тармақшалар бағалаушының осалдықтың тәуелсіз талдауын жасауға қалай келетінін сипаттайды;

б) қаскүнемнің болжанатын шабуыл әлеуетін қалай сипаттайтынын және пайдаланатынын. Сипаттау Б.3 - Б.5 тармақшаларында. Бұл тармақшаларда шабуыл әлеуетінің қалай сипатталатынын және пайдалануға тиіс екендігін суреттеу үлгісі болады, сондай-ақ үлгілер келтіріледі.

Б.1 Осалдықты талдау

Осалдықты бағалау мақсаты операциялық ортада БО кемшіліктері мен осал жерлерінің болуын және пайдалану мүмкіндігін анықтауды білдіреді. Осы тәуелсіз қорытынды бағалаушы өткізген талдауға негізделеді және бағалаушының тестілеуі қолдайды.

Бағалаушы осалдықты (AVA_VAN) талдаудың ең төменгі деңгейінде жай ғана БО қандай да бір белгілі осалдықтарды табу үшін қоғамдық қолжетімді ақпаратты іздеуді орындайды, бағалаушы барынша жоғары деңгейлерде БО бағалау куәліктерінің құрылымдық талдауын іске асырады.

Осалдық талдауын орындаған кезде негізгі үш фактор қолданылады, атап айтқанда:

а) әлеуетті осалдықтарды идентификациялау;

б) тәуелсіз қорытынды жасауға арналған бағалау, идентификацияланған әлеуетті осалдықтар қаскүнемнің тиісті әлеуетті шабуылмен функционалдық қауіпсіздік талаптарды бұзуына мүмкіндік бере ме;

в) тәуелсіз қорытынды жасау үшін енуді тестілеу, идентификацияланған әлеуетті осалдықтар БО операциялық ортасында пайдаланылатын болып табылады ма.

Осалдықтарды идентификациялау одан әрі қосымша іздеуге арналған куәліктер және әлеуетті осалдықтарды идентификациялау үшін осы куәліктерді іздеу қалай қиын болатынына бөлінуі мүмкін. Осыған ұқсас

тәртіпте енуді тестілеуді шабуылдау әдістерін идентификациялау және оларды көрсету үшін әлеуетті осалдықты талдауға бөлуге болады.

Осы негізгі факторлар, мәні бойынша, итеративті болып табылады, яғни әлеуетті осалдықтарды енуге тестілеу бұдан кейінгі әлеуетті осалдықтарды идентификациялауға әкелуі мүмкін. Осылайша, олар осалдықты бірыңғай талдау түрінде орындалады.

Б.2 Осалдыққа жасалатын талдауды бағалау әдісі

Б.2.1 Кіріспе

Осалдық талдауын бағалау әдісі қаскүнемнің негізгі (AVA_VAN.1 және AVA_VAN.2 үшін), негізгі жоғары (AVA_VAN.3 үшін), орташа (AVA_VAN.4 үшін) немесе жоғары (AVA_VAN.5 үшін) шабуыл әлеуетіне ие болатын шабуылмен енуіне БО орнықтылығын анықтауды білдіреді. Бағалаушы бірінші кезекте барлық идентификацияланған әлеуетті осалдықтарды пайдалану мүмкіндігін бағалайды. Бұған енуге тестілеуді өткізу арқылы қол жеткізіледі.

БО енуге әрекет жасаған кезде, бағалаушы негізгі (AVA_VAN.1 және AVA_VAN.2 үшін), негізгі жоғары (AVA_VAN.3 үшін), орташа (AVA_VAN.4 үшін) немесе жоғары (AVA_VAN.5 үшін) шабуыл әлеуетіне ие болатын қаскүнем рөлін өзіне алуы керек.

Бағалау әдісі бағалаушы бағалау бойынша басқа іс-шараларды өткізген кезде соқтығысатын әлеуетті осалдықтарды ескереді. БО осы әлеуетті осалдықтарға қарсылығын анықтайтын енуге арналған тестілеуді бағалау әдісі негізгі (AVA_VAN.1 және AVA_VAN.2 үшін), негізгі жоғары (AVA_VAN.3 үшін), орташа (AVA_VAN.4 үшін) немесе жоғары (AVA_VAN.5 үшін) шабуыл әлеуетіне ие болатын қаскүнемнің болжанатын рөлімен орындалуға тиіс.

Дегенмен, осалдық талдауы оқшауланған іс-шара өткізілмеуге тиіс. Ол ADV және AGD тығыз байланысты. Бағалаушы бағалау жөніндегі осы шараларды әлеуетті осалдықтарды немесе «проблемалық салаларды» анықтауда тоғыстырумен орындайды. Осылайша, бағалаушының жалпы осалдық нұсқауын (B.2.1 тармақшасында) білуі міндетті.

Б.2.2 Жалпы осалдық нұсқауы

Келесі бес санатта жалпы осалдықтар мәселесін қарастыру болады.

Б.2.2.1 Аралау

Аралау бұзушының мынадай жолдармен қауіпсіздік шараларын іске асыруды болдырмауының кез келген тәсілін қамтиды:

а) БО интерфейстерінің мүмкіндіктерін немесе БО өзара әрекет етуі мүмкін утилитін пайдалану;

б) керісінше тыйым салынуға тиіс артықшылықтар немесе басқа мүмкіндіктерді мұрағаттау;

в) (құпиялылық маңызды болған кезде) жеткіліксіз қорғалған салаларда

сақталатын немесе көшірмеленетін сезімтал деректерді оқу.

Бағалаушы орындайтын осалдықтарды тәуелсіз талдау барысында мынадай аспектілердің әрқайсысын қарастыру керек (бұл орынды болған кезде):

а) БО интерфейстерінің мүмкіндіктерін немесе утилитті, әдетте, осы интерфейстер үшін талап етілетін қауіпсіздік шараларын болдырмау мақсатында пайдаланады. Мысалы, қол жеткізуді басқарумен іске асырылатынға қарағанда, барынша төменгі деңгейде жүзеге асырылатын функционалдық мүмкіндіктерге рұқсат алу. Ықтимал нұсқалар қамтиды:

- 1) функцияны шақырудың алдын ала анықталған тізбектілігін өзгерту;
- 2) қосымша функцияны орындау;
- 3) алдын ала байқалмаған контексте немесе алдын ала болжанбаған мақсатпен кейбір құрауышты пайдалану;
- 4) азырақ абстрактілі көрсетулерде ұсынылатын жүзеге асыру нақтылауларын пайдалану;
- 5) қол жеткізуді тексеру уақыты мен пайдалану уақыты арасындағы кідірісті пайдалану.

б) функцияны шақырудың алдын ала анықталған тізбектілігін өзгертуді кейбір қауіпсіздік функциясын орындау үшін БО интерфейстерін (мысалы, пайдаланушы командасы) шақырудың қарастырылған тәртібі болатын кезде қарау керек (мысалы, қол жеткізу үшін файлды ашу және одан кейін ондағы деректерді оқу). Егер қауіпсіздік функциясы БО интерфейстерінің бірінде шақырылатын болса (мысалы, қол жеткізуді басқаруды тексеру), онда бағалаушының тізбектіліктің барынша кешірек нүктесінде тиісті шақыруды орындау немесе оны тұтасымен өткізу арқылы қауіпсіздік функцияларын аралауы мүмкін екенін қарастыруы керек;

в) қосымша құрауышты орындау (алдын ала анықталған тізбектілікте) жаңа ғана сипатталғанға ұқсас шабуыл формасы болып табылады, бірақ тізбектіліктің кейбір нүктесінде БО кейбір басқа интерфейсін шақыруды қамтиды. Ол сондай-ақ желілік трафик талдауыштарын пайдалану арқылы сезімтал деректер желісі бойынша берілетін қамтуға негізделген шабуылды да қамтуы мүмкін (мұнда қосымша құрауыш желілік трафиктің талдауышы болып табылады);

г) алдын ала байқалмаған контексте немесе алдын ала болжанбаған мақсатпен кейбір құрауышты пайдалану оны ол үшін жоспарланбаған немесе алдын ала анықталмаған мақсатқа қол жеткізу үшін пайдалана отырып, БО интерфейсінің ісіне қатысы болмайтын қауіпсіздік функцияларын аралау үшін пайдалануды қамтиды. Жабық арналар осы типті шабуыл үлгісі болып табылады. Сондай-ақ құжатталмаған интерфейстерді пайдалану (қауіпсіз болуы мүмкін) осы санатқа түседі (қолдау және көмек беру бойынша құжатталмаған мүмкіндіктерді қоса алғанда);

- д) азырақ абстрактілі көрсетулерде ұсынылатын жүзеге асыру

нақтылауларын пайдалану тағы да бұзушының процесті жетілдіру салдары ретінде (мысалы, жабық арна ретінде «бұғаттаудың» ауыспалы типін пайдалану) БО ұсынылатын қосымша функциялар, ресурстар немесе атрибуттарды өз мақсатына пайдалануы арқылы жабық арналарды пайдалануды қамтиды. Сондай-ақ қосымша функционалдық мүмкіндіктер БО модульдерінде болатын кодтың тесті фрагменттерімен қамтамасыз етіле алады;

е) қол жеткізуді тексеру уақыты мен пайдалану уақыты арасындағы кідірісті пайдалану қол жеткізуді тексеру орындалатын және қол жеткізу ұсынылатын сценарийді қамтиды, ал бұзушы осының салдарынан қол жеткізуді тексеруді орындаған уақытта болуы мүмкін қол жеткізуді тексеру жаңылысы кезінде жағдай жасауға жарамды. Пайдаланушы терминалына жоғары сезімтал деректерді жіберу және оқуға арналған фондық процесті тудыратын және содан соң жүйеден шығуды және жүйеге сезгіштіктің барынша төменгі деңгейінде кіруді іске асыратын пайдаланушы үлгі болып табылады. Егер фондық процесс пайдаланушы жүйеден шыққан кезде аяқталмаса, онда қол жеткізуді мандатты басқаруға сәйкес тексеру шын мәнінде аралап өтілуі мүмкін;

ж) артықшылықтарды мұрағаттауға негізделген шабуылдар негізінен артықшылықтарды немесе кейбір артықтау БЖ құраушышының мүмкіндіктерін заңсыз иелену, әдетте, одан бақыланбайтын немесе қарастырылмайтын тәсілмен шығу жолымен негізделеді. Ықтимал нұсқалар қамтиды:

1) деректерді орындау үшін тағайындалмаған немесе орындау үшін ықтимал түрлендіруді орындау;

2) кейбір құрауыш үшін қарастырылмаған бастапқы деректерді өндіру;

3) барынша төменгі деңгейдегі құрауыштар болжанатын болжамдар мен қасиеттердің бұзылуы;

и) орындау үшін тағайындалмаған деректерді орындау немесе оларды орындау үшін ықтимал түрлендіру вирустарды пайдаланып шабуылдауды қамтиды (мысалы, кейбір файлға орындалатын коды немесе файлдың иесінде болатын артықшылықтарды осылайша мұрағаттай отырып, қол жеткізуді алу немесе осы файлды редакциялау кезінде автоматты түрде орындалатын командаларды орналастыру);

к) кейбір құрауыш үшін қарастырылмаған деректерді өндіру бұзушының пайдалануы мүмкін алдын ала қарастырылмаған нәтижелерге әкелуі ықтимал. Мысалы, егер БО базалық операциялық жүйеге пайдаланушы рұқсат алатын кезде айналып кетуге болатын қауіпсіздік функцияларын жүзеге асыратын қосымша болып табылатын болса, онда пароль идентификацияланғанша түрлі басқарулар немесе *escape*-тізбектіліктерді енгізу нәтижелерін зерттей отырып, кіру жүйелілігін орындаған соң бірден осындай рұқсатты алу мүмкін болуы ықтимал;

л) барынша төменгі деңгейдегі құрауыштар болжанатын болжамдар мен қасиеттердің бұзылуы қосымшада жүзеге асырылатын қауіпсіздік функцияларын айналып өту үшін базалық операциялық жүйеге рұқсат алу үшін қосымшада шектеулер қолданылатындығынан шығуға негізделген шабуылдарды қамтиды. Мұндай жағдайда бұзылатын болжам қосымшаны пайдаланушының мұндай рұқсатты алуы мүмкін еместігін білдіреді. Осы тәріздес шабуылды, егер деректер базасын басқару жүйесінің басқаруында жұмыс істейтін қосымшамен қауіпсіздік функциясы жүзеге асырылатын болса алдын ала болжауға болады: егер бұзушы қосымша шектеулері әсерінен шыға алатын болса, тағы да қауіпсіздік функцияларын айналып өту мүмкіндігі бар;

м) жеткіліксіз қорғалған аумақта сақталған сезімтал деректерді оқуға негізделген шабуылдар (құпиялылық маңызды болғанда қолданылатын) сезімтал деректерге рұқсат алудың ықтимал тәсілдерін қарастыруға тиіс мынадай мәселелерді қамтиды:

- 1) дискіде «қоқысты» жинау;
- 2) қорғалмаған жадыға қол жеткізу;
- 3) жазбалар бойынша бірге пайдаланылатын файлдарға немесе бірге пайдаланылатын басқа ресурстарға (мысалы, басқылау файлдарына) қол жеткізуді пайдалану;
- 4) пайдаланушылардың қандай қол жеткізуді алатынын анықтау үшін қателерден кейін қалпына келтіруді жандандыру. Мысалы, істен шыққаннан кейін тақырыпсыз файлдар үшін файлдарды автоматты қалпына келтіру жүйесі дискіде таңбасыз болуы мүмкін жоғалған және табылған файлдарға арналған каталогты пайдалануы мүмкін. Егер БО қол жеткізуді мандатпен басқаруды жүзеге асыратын болса, онда осы каталог үшін қандай қауіпсіздік деңгейі сақталатынын (мысалы, жоғары жүйелік) және осы каталогқа кімнің қол жеткізе алатынын зерттеу маңызды.

Бағалаушы негізгі екі техниканы қоса отырып, «құпия кіруді» идентификациялай алатын бірнеше түрлі әдістер болады. Біріншісі, бағалаушы дұрыс пайдаланылмауы мүмкін интерфейсті тестілеу кезеңінде абайсызда идентификациялаған кезде. Екіншісі, құжатталған интерфейстерді тестілеу бөліктері болып аталмайтын кез келген модульді идентификациялауға арналған жөндеу тәсілімен ОФҚ сыртқы әрбір интерфейсін тестілеу және содан соң «құпия шығу» болып саналмайтын кодты тексеру арқылы.

Б.2.2.2 Қол сұғу

Қол сұғу бұзушының қауіпсіздік функциясын немесе механизмін орындау режиміне әсер етуге негізделген кез келген шабуылды қамтиды (яғни, бұрмалау немесе бұғаттау), мысалы мынадай жолдармен:

- а) деректерге, қауіпсіздік функциясы немесе механизмі болжанатын құпиялылық немесе бүтіндікке қол жеткізу;

б) БО әдеттегіден тыс немесе қарастырылмаған жағдайда қолдануға мәжбүрлеу;

в) қауіпсіздікті қамтамасыз етуді сөндіру немесе кідірту;

г) БО физикалық модификациясы.

Бағалаушының осалдықты тәуелсіз талдау барысында мынадай аспектілердің әрқайсысын қарастыруы керек (бұл орынды болған кезде):

а) деректерге, қауіпсіздік функциясы немесе механизмі болжанатын құпиялылық немесе бүтіндікке қол жеткізуге негізделген шабуылдар мынаны қамтиды:

1) ішкі деректер модификациясын тікелей немесе жанама оқу;

2) алдын ала байқалмаған контексте немесе алдын ала болжанбаған мақсатпен кейбір құрауышты пайдалану;

3) абстракцияның барынша жоғарғы деңгейінде көрінбейтін құрауыштардың өзара әсерін пайдалану.

б) қарастырылуы керек шабуылдардың мынадай типтерін тікелей немесе жанама қамтитын ішкі деректерді оқу, жазу немесе түрлендіру:

1) пайдаланушылардың паролі сияқты БО ішінде сақталатын «құпияларды» оқу;

2) қауіпсіздікті қамтамасыз ететін механизмдер болжанатын ішкі деректерді ауыстыру;

3) пішін үйлесімі файлдарында немесе уақытша файлдарда ауыспалы ортаны (мысалы, логикалық атаулар) немесе деректерді өзгерту;

в) әдеттегі жағдайда рұқсат алынбаған қорғалған файлды түрлендіруге арналған сенімді процесті алдауы мүмкін болуы ықтимал;

г) бағалаушының сондай-ақ мынадай «қауіпті сипаттамаларды» қарастыруы қажет:

1) БО үнемі қолда болатын құрастырушымен бірге болатын бастапқы мәтіні (мысалы, жүйеге кірумен байланысты бастапқы кодты өзгерту мүмкін болуы ықтимал);

2) интерактивті жөндеуші және өзгерістер енгізу құралдары (мысалы, орындалатын бейнені өзгерту мүмкін болуы ықтимал);

3) файлды қорғау болмайтын құрылғылар контроллері деңгейінде өзгерістер енгізу мүмкіндігі;

4) бастапқы кодта болатын және опционалды қамтылуы мүмкін диагностикалық код;

5) БО қалдырылған әзірлеушінің аспаптық құралдары;

д) алдын ала байқалмаған контексте немесе алдын ала болжанбаған мақсатпен кейбір құрауышты пайдалану (мысалы) БО операциялық жүйеге сүйенетін қосымша болып табылатын, ал пайдаланушылар өздерінің меншікті командалық файлдарын (мысалы, көп артықшылыққа ие болу үшін) өзгерту үшін мәтіндік процессор немесе басқа редактордың пакетінің білімін пайдаланатын кездегі жағдай болып табылады;

е) абстракцияның барынша жоғары деңгейінде көрінбейтін құрауыштардың өзара әсерін пайдалану ресурсты бір құрауышпен түрлендірген кезде басқа (сенім білдірілген) құрауышты орындау режиміне әсер етуі мүмкін ресурстарға бірге қол жеткізуді пайдаланатын шабуылды қамтиды, мысалы, бастапқы код деңгейінде бірге пайдаланылатын жады немесе семафорлар сияқты жанама деректер немесе жалпы деректерді пайдалану арқылы;

ж) әдеттегі немесе қарастырылмаған жағдайда БО қолдануға мәжбүрлеуге негізделген шабуылдарды әрқашан ескеру қажет. Ықтимал нұсқалар қамтиды:

1) кейбір құрауыш үшін қарастырылмаған бастапқы деректерді өндіру;

2) барынша төмен деңгейдегі құрауыштар жобаланатын болжамдар мен қасиеттердің бұзылуы;

и) құрауыш үшін қарастырылмаған бастапқы деректерді өндіру орны болатын кезде БО қолданылу режимін зерттеуді қамтиды:

1) командаларды енгізу буферінің аса толып кетуі («ағынның бұзылуы» мүмкін немесе бұзушы өз мүддесіне пайдалануға жарамды басқа сақтау саласын қайта жазу немесе парольдердің ашық мәтіні сияқты сезімтал ақпарат болуы мүмкін апаттық дампаны мәжбүрлі беру);

2) дұрыс емес командалар немесе параметрлерді енгізу (осы параметр арқылы деректер берілуін болжайтын интерфейс үшін «тек қана оқуға арналған» жағдайға параметрді орнатуды қоса алғанда);

3) файл соңына маркерді (мысалы, CTRL/Z немесе CTRL/D) немесе аудит журналына нөлдік символды қою;

к) барынша төмен деңгейдегі құрауыштар жобаланатын болжамдар мен қасиеттердің бұзылуы қауіпсіздікке қатысты деректер нақты форматта болатын немесе мәндерінің нақты ауқымдары болады деп болжанатын (анық немесе анық емес) жерде бастапқы кодта қателерді пайдаланатын шабуылдарды қамтиды. Бағалаушы мұндай жағдайларда деректерді басқа форматта қалыптастыра отырып немесе оларға басқа мәндер бере отырып, шабуылдардың осындай болжамдарға әкелетіні туралы және егер осылай болса, онда оның бұзушыға артықшылық беретіні қорытынды жасауға тиіс;

л) қауіпсіздік функцияларын дұрыс орындау режимі ресурстардың лимиті таусылатын немесе параметрлер өзінің максималды мәніне жеткен кезде ауыспалы жағдайлар кезінде бұзылатын болжамдарға байланысты болуы мүмкін. Бағалаушы осы шектерге қол жеткен кезде БО қолданылу режимін қарастыруы керек (егер бұл мақсатқа сәйкес болса), мысалы:

1) күндерін өзгерту (мысалы, БО ауыспалы шек күніне өтуі кезінде өзін қалай ұстайтынын зерттеу);

2) дискілердің өте толып кетуі;

3) пайдаланушылардың максималды санының артуы;

4) аудит журналын толтыру;

5) аспаға берілетін қауіпсіздік сигналдарының кезегінің өте толып кетуі;
6) байланыс құрауыштарына қатты байланысты болатын көп пайдаланылатын БО түрлі бөліктерінің шамадан артық жүгі;

7) желі немесе жеке түйіндерге трафик орнату;

8) буфер немесе өрістерді толтыру.

м) қауіпсіздікпен қамтамасыз етуді ажырату немесе кідіртуге негізделген шабуылдар мынадай аспектілерді қамтиды:

1) операцияның жүйелі орындалуын бұзу үшін кесте құру функцияларын немесе үзулерді пайдалану;

2) параллель орындау кезіндегі бұзулар;

3) абстракцияның барынша жоғарғы деңгейінде көрінбейтін құрауыштар арасындағы өзара әсерді пайдалану.

Операцияның жүйелі орындалуын бұзу үшін кесте құру функцияларын немесе үзулерді пайдалану мынадай кезде БО қолдану режимін зерттеуді қамтиды:

1) команданың үзілуі (CTRL/C, CTRL/ Y бойынша және т.с.с.);

2) алғашқысы танылғанға дейін екінші үзу туындағанда.

н) қауіпсіздік үшін ауыспалы процестерді аяқтау нәтижелерін зерттеу қажет (мысалы, аудит демоны). Осыған ұқсас, олардың әкімгер үшін пайдасыз болатынынан сақтандыратын сигналдарды беру/алу немесе аудит жазбаларын тіркеуді осындай кідірту болуы мүмкін (шабуыл мақсатқа ендігі қол жеткізетін сияқты).

о) параллель орындаудағы бұзулар екі немесе одан көп субъекті бір мезгілде қол жеткізуге алдын ала әрекет жасайтын кезде БО қолданылу режимін зерттеуді қамтиды. Мүмкін, БО екі субъекті бір мезгілде қол жеткізуге әрекет жасайтын кезде қажетті бұғаттауды орындап шығуы мүмкін, бірақ мұндайда оның тәртібі қосымша субъектілер болған кезде толық анықталмаған болып табылады. Мысалы, қауіпсіздігі бойынша сыни процесс егер екі басқа процесс оған қажетті ресурсқа қол жеткізуді іске асыратын болса, ресурсты алуды күту жағдайына ауыстырылуы мүмкін.

п) абстракцияның барынша жоғарғы деңгейінде көрінбейтін құрауыштар арасындағы өзара әсерді пайдалану сенім білдірілген процесс уақытында ауыспалы кідірту тәсілін қамтамасыз етуі мүмкін.

р) физикалық шабуылдар физикалық зерттеу, физикалық манипуляция, физикалық түрлендіру және орын ауыстыру болып бөлінуі ықтимал:

1) БО-ның мақсатты сапасы туындаған кездегі физикалық зерттеу, мысалы, ішкі коммуникациялық интерфейстерде, желілер немесе жадыларда оқу;

2) физикалық манипуляция БО ішкі түрлендіруіне (мысалы, өзара әрекет ету процесі ретінде оптикалық қателік индукциясын пайдаланған кезде), БО сыртқы интерфейстеріне (мысалы, сағаттардың қуаттылығы немесе дәлсіздігі кезінде) және БО ортасына (мысалы, температураны өлшеген кезде)

бағытталған БО ішкі сапалары болуы мүмкін;

3) жеткізу кезеңінде немесе БО операциясында БО басқа АТ объектісімен ауыстыруға арналған физикалық ауыстыру. БО жеткізу уақытында әзірлеу ортасынан пайдаланушыға дейін орнын ауыстыру қауіпсіз жеткізу процедураларын қолдану арқылы алды алынуға тиіс (Әзірлеу қауіпсіздігімен (ALC_DVS) қарастырылатындар сияқты). БО-ның операция уақытында орнын ауыстыру пайдаланушының олардың БО-мен өзара әрекет ететініне сенімді болуы үшін, пайдаланушы нұсқауы мен операциялық ортаның қиыстыруы кезінде қарастырылуы мүмкін.

Б.2.2.3 Тура шабуылдар

Тура шабуыл қауіпсіздік функциясының мәлімделген минимальды орнықтылығымен растау немесе теріске шығару үшін қажетті кез келген ену тестілерін идентификациялауды қамтиды.

Мысалы, сандардың жалған кездейсоқ генераторының ерекше орындауының қауіпсіздік механизмін іріктеу үшін қажетті энтропиясы болады деген болжам дұрыс болмауы мүмкін.

Ықтималдылық немесе қайта орнатылатын механизм қауіпсіздіктің атрибутты мәнін іріктеуге (мысалы, пароль өлшемін таңдау) немесе пайдаланушы-адамның күнін енгізуге (мысалы, парольді таңдау) негізделетін жерде жасалған болжамдар нашар жағдайды көрсетуге тиіс.

Ықтималдылық немесе қайта орнатылатын механизмдер қызметтің осы ішкі түрінің енгізу деректері ретінде талап етілетін бағалау куәліктерін зерттеу уақытында идентификациялануға тиіс (қауіпсіздік мақсаты, функционалдық сипаттізім, жоғары деңгейлі жоба, орындауды көрсететін ішкі топ) және басқа БО құжаттамалары (мысалы, нұсқау) қосымша ықтималдылықтарды немесе қайта орнатылатын механизмдерді идентификациялауы мүмкін.

Жоба куәлігі немесе нұсқау бекіту немесе болжауды қамтитын кезде (мысалы, минутына қанша тану әрекеттері мүмкін болатыны туралы), бағалаушы олардың дұрыс екендігін тәуелсіз растауға тиіс. Бұған тестілеу арқылы немесе тәуелсіз талдау арқылы қол жеткізілуі мүмкін.

Криптографиялық алгоритмдегі кемшіліктерге байланысты болатын тура шабуылдар олар ИСО/МК 15408 қолданылу саласы шегінде болатындықтан, Осалдықты талдауда (AVA_VAN) қарастырылмауы керек. Криптографиялық алгоритмді дұрыс орындау ADV және ATE қызметі уақытында қарастырылады.

Б.2.2.4 Мониторинг

Ақпарат объектінің қасиеттері арасындағы абстрактілі ұғым болып табылады, яғни, егер БО осы сигналға әрекет етуге жарамды болса, сигналда жүйеге арналған ақпарат болады. БО пайдаланушы деректерімен ұсынылатын ақпаратты жабдықтайды, өңдейді және сақтайды. Сондықтан:

а) ақпарат пайдаланушы деректерімен бірге БО шегінде немесе БО экспортынан берілу арқылы субъектілер арасында өтуі мүмкін;

б) ақпарат өндірілуі және пайдаланушының басқа деректерімен берілуі мүмкін;

в) ақпарат оны білдіретін деректермен бірге операция мониторингі арқылы алынуы мүмкін.

Операцияны деректермен бақылау үшін пайдаланушы деректерімен ұсынылатын ақпарат мынадай қауіпсіздік атрибуттарымен сипатталуы мүмкін, мысалы, құпия емес, құпия, жасырын, аса құпия ретіндегі мәндері болатын «құпиялылық деңгейі» болуы мүмкін. Осы ақпарат және қауіпсіздік атрибуттарын операциялар өзгертуі мүмкін, мысалы FDP_ACC.2 «тазалық сақтау» арқылы деңгейін азайтып немесе деректерді үйлестіру арқылы деңгейін арттырып сипаттай алады. Бұл бақыланатын субъектілердің бақыланатын объектілермен болатын бақыланатын операциясына бағытталатын ақпарат ағынын талдау аспектілерінің бірі.

Рұқсат етілмеген ақпарат ағынын талдау басқа аспекті болып табылады. Бұл аспекті FDP_ACC тобына жіберілетін пайдаланушы деректері болатын объектілерге тура қол жеткізуден гөрі барынша ортақ болып табылады. Ақпарат ағынымен басқару саясатының бақылауымен ақпаратты тасымалдайтын еріксіз сигналдық арна сондай-ақ осы ақпарат болатын немесе онымен байланысты кез келген объектіні (мысалы, қапталдас арналар) өңдеу мониторингі арқылы шақырылуы мүмкін. Еріксіз сигналдық арналар осындай манипуляцияны қадағалайтын субъектілер немесе пайдаланушыны манипуляциялау ресурстары арқылы идентификациялануы мүмкін. Классикалық жабық арналар ресурсты түрлендіру немесе модульдеуге сәйкес уақытша немесе жадысы болатын арналармен идентификацияланған болатын. Басқа шабуылдар мониторингіне келетін болсақ, БО пайдалану функционалдық қауіпсіздік талаптарына сәйкес іске асырылады.

Жабық арналар, әдеттегідей, БО-ның қадағалауы және көп деңгейлі бөлу саясатының талаптары болған кезде қолданылады. Жабық арналар осалдықты талдау және жобалық іс-шаралар барысында жүйелі байқалуы мүмкін және сондықтан тестілеуге түсуі керек. Дегенмен, жалпы алғанда, осындай шабуылдар мониторингі «жабық арналарды талдау» деген жалпылама атаумен аталатын мамандандырылған талдау әдістері арқылы ғана идентификацияланады. Бұл әдістер бірнеше зерттеуге түскен, сондай-ақ осы мәселе бойынша жарияланған көптеген мақалалар бар.

Жабық арналарға талдау жүргізуге арналған нұсқау бағалау органдарынан талап етілуге тиіс.

Еріксіз ақпарат ағынын шабуылдау мониторингі жетекші құжаттарға сәйкес келетін БО басқару арқылы БО сезімтал ішкі деректерін ашуға бағытталатын пассивті талдау әдістерін қамтиды.

Қапталдас арна талдауы БО физикалық кемуіне негізделген талдамалық тереңдету әдістерін қамтиды. Физикалық кему уақытша ақпарат, электр энергиясын тұтыну және ОФҚ есептеген кезде энергияның сәулеленуінен болуынан болуы мүмкін. Уақытша ақпаратты сондай-ақ қаскүнем қашықтан алуы мүмкін (БО желілік рұқсаты болатын), энергияға негізделген ақпараттық арналар қаскүнемнің БО жақын ортада болғанын талап етеді.

Тыңдау әдістері энергияның барлық түрін қамтиды, мысалы, компьютерлік дисплейлердің электр магниттік немесе оптикалық сәулеленулері, БО жақын өрісінде болуы міндетті емес.

